Суреттен көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде оқытатын мектептер саны – 105 және қазақ тілінде оқытатын магнитті және тірек мектептері Қарағанды, БҚО, Ақтөбе және Ақмола облыстарында анықталса, орыс тілінде оқытатын 42 мектептің көбі СҚО, Қостанай, Ақмола облыстарында анықталып отыр. Аралас тілде оқытатын мектептер саны да – 49. Келесі суретте тірек мектептері мен магнитті мектептердегі білім алушылар саны бойынша мәлімет берілген.

4-сурет. Тірек мектептеріндегі білім алушылар бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, тірек мектептерде 97565 білім алушы білім алса, магнитті мектептерде 49396 білім алушылар білім алады. Тірек мектептеріндегі білім алушылардың санының көбі СҚО, Қарағанды, Ақтөбе, Ақмола облыстарында анықталып отыр. Магнитті мектеп білім алушыларының көбі Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе мен Ақмола облыстарында білім алады. Келесі кестеде тірек мектептері педагогтерінің білім сапасы бойынша мәліметі берілген.

5-сурет. Тірек мектептердің сапалық құрамы бойынша мәліметтері



Суреттен көріп отырғанымыздай, еліміздегі тірек мектептерінде – 10797 педагог қызмет атқарады. Оның «педагог-шебері» – 57; «педагог-зерттеуші» –

1978; «педагог-сарапшы» – 2726; «педагог-модератор» – 2862 және «педагогі» – 3147.

Тірек мектептердегі «педагог – шеберлер» Павлодар облысында – 13, Жамбыл облысында – 11, Ақтөбе облысында – 3, Абай облысында – 8, Ақмола облысында – 5, Түркістан облысында – 5, Қостанай облысында – 3, БҚО-да – 3, СҚО-да – 2, Маңғыстау облысында – 1, Қарағанды облысында – 1, Жетісу облысында – 1 және Алматы облысында – 1.


«Педагог – зерттеушілер» Павлодар облысында – 287, Ақтөбе облысында – 204, Қарағанды облысында – 255, Ақмола облысында – 221, Қостанай облысында – 187, БҚО-да – 169, Жамбыл облысында – 148, СҚО – 145, Абай облысында – 80, ШҚО – 74, Түркістан облысында – 64, Жетісу облысында – 59, Ұлытау облысында – 56, Алматы облысында – 19 және Маңғыстау облысында – 10. Тірек мектебіндегі «Педагог – шеберлер» мен «педагог – зерттеушілердің» сапалық құрамы 0,2 %-ды құрап отыр. Бұл төмен көрсеткіш екені анық. Сондықтан да тірек мектептердің сапалық құрамын жоғарылату бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Суреттен берілген санатсыз педагогтер көбіне Қарағанды (1519), Ақтөбе (297), Ақмола (1210), Қостанай (1183), Павлодар (1052), СҚО (869), Жамбыл (833) облыстарындағы мектеп педагогтері. Қарап отырсақ, тірек мектептерде санатсыз педагогтер – 29 %-ды құрап отыр. Алдағы уақытта педагогтердің сапалық құрамының біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Келесі суретте магнитті мектеп білім алушыларының сапалық құрамы бойынша мәлімет берілген.

6-сурет. Магнитті мектеп педагогтерінің сапалық құрамы бойынша мәліметі

Магнитті мектеп педагогтерінің сапалық құрамы бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, магнитті мектеп педагогтерінің сапалық құрамы бойынша сараласақ, магнитті мектептерде барлығы – 13516 педагог қызмет атқарады. Оның «педагог – шебері» – 19; «педагог – зерттеуші» – 1473;

«педагог – сарапшы» – 3441; «педагог – модератор» – 3655 және «педагогі» – 4919. Қарап отырсақ, тірек мектептерде санатсыз педагогтер – 36 %-ды құрап отыр. Алдағы уақытта магнитті мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады. Келесі суретте тірек мектептердің жанындағы интернаттар бойынша мәлімет берілген.

7-сурет. Тірек мектептердің жанындағы интернаттар бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, республика бойынша 70 тірек мектептің жанында интернаты бар. Тірек мектептердің жанындағы интернат саны көбі – Солтүстік Қазақстан облысында (20), Қарағанды облысында (11), Батыс Қазақстан облысында (11), Ақмола облысында (10), Қостанай облысында (8), Абай, Алматы, Павлодар облыстарында тірек мектептері жанында 2 интернаттан болса, ШҚО мен Жетісуда 1-ден және Ақтөбе, Маңғыстау, Түркістан, Ұлытау облыстарының тірек мектептері жанында интернаттары жоқ. Келесі суретте республика бойынша магнитті мектептерден тірек мектептерге сессия уақытында тасымалданатын білім алушылардың саны берілген.

8-сурет. Сессия кезінде тасымалданатын білім алушылар бойынша мәлімет



Суретте көріп отырғанымыздай, тірек мектептерде сессия кезінде тасымалданып оқитын білім алушылар саны – 5930. Оның көбі Қарағанды облысында (1439), Жамбыл облысында (1350) болса, одан кейін Ақмола облысында (658), Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облысында – 620 болса, Павлодар облысында (363), Абай облысында (338), Ұлытау облысында (253), Батыс Қазақстан облысында (128), Алматы облысында (112) және Жетісу облысында (49) болса, Ақтөбе, Маңғыстау, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында сессия жұмыстары мүлдем орындалмайды немесе онлайн ұйымдастырылуы мүмкін. Келесі суретте тірек мектептердегі көлік саны бойынша мәлімет берілген.

9-сурет. Тірек мектептердегі көлік саны бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, тірек мектептердегі көлік саны – 144 көлікті құрайды. Оның басымы Солтүстік Қазақстан облысы мен Қарағанды облысында (28), Ақмола облысында (25), Батыс Қазақстан облысында (19), Жамбыл облысында (12), Қостанай облысында (10), Павлодар облысында (7), Ұлытау облысында (6), Алматы, Абай облыстарында (3), Шығыс Қазақстан облысында (2), Жетісу облысында (1) болса, Ақтөбе, Маңғыстау мен Түркістан облыстарында сессия жұмыстары ұйымдастырылмағандықтан, көлік мәселесі қарастырылмаған. Келесі суретте сессия және сессияаралық жұмыстары ұйымдастыру бойынша мәлімет берілген.

10-сурет. Сессия және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыру бойынша мәлімет



Суреттен көріп отырғанымыздай, республиканың 11 өңірінде сессия және сессияаралық жұмыстар жүргізіледі. 10 өңірде сессия жұмыстары 3 рет ұйымдастырылса, Ұлытау облысында жылына 2 рет ұйымдастырылады. Ал Ақтөбе, Маңғыстау, Түркістан мен Шығыс Қазақстан облыстарында сессия және сессияаралық жұмыстарды жүргізу қарастырылмаған.

Берілген тарауда Қазақстан Республикасындағы тірек мектептердің (ресурстық орталықтар) ағымдағы жағдайы берілген.

Қорытындылай келе, республикадағы тірек мектептері бойынша мәліметтерді Ұлттық білім беру деректер базасына толтырғанда мұқият әрі жауапкершілікпен қарауға ұсынылады.

2. ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ (РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ) ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Ауыл мектептерін дамыту мәселесін ең алдымен 3 бағытта қараған дұрыс. Олар: *толық жинақты ауыл мектептері, шағын жинақты және шекара маңындағы ауыл мектептерінің* жағдайы.

Біріншіден, толық жинақты ауыл мектептері мәселесінде: ауыл мектептері санының көптігі (74 %); білім сапасы қала мектептерінен төмен болуы (PISA, PIRS, ББЖМ); қалалық жерден алыс орналасқандығы (ақпарат жеткіліксіздігі); халық санының аздығы (білім бәсекесінің қалыптаспауы); жұмыссыздық, тұрмыстық жағдайдың төмендігі; күнделікті оқу процесіне бақылаудың жүргізілмеуі мен ауылдық жердегі этникалық біртектілік және т.б. ретінде қарастырылады.

Екіншіден, шағын жинақты мектептер мәселесінде: білім алушылар санының аздығына байланысты шағын жинақты мектептің өздігінен дами алмауы және дамуға мүмкіндігінің жоқтығы; шағын жинақты мектептердің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасының назардан тыс қалуы; шағын жинақты мектеп педагогтерінің сапалық құрамының төмендігі; біріктірілген сыныптарда оқытудың қиындығы мен оқу-әдістемелік материалдардың аздығы; ШЖМ педагогтеріне арналған біліктілік арттыру курстарының жеткіліксіздігі және ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықталмауы, қашықтан оқытудың ұйымдастырылмауы немесе құралдардың жеткіліксіздігі және т.б. мәселелерді саралаған жөн.

Үшіншіден, шекара маңындағы мектептер мәселесінде: шекара маңындағы ауыл – Ұлттық қауіпсіздік кепілі; шалғайдағы мектептердің жағдайына көңілдің көп бөлінбеуі; мектептерге «шекара маңындағы мектеп» деген статустың берілмеуі және шекара маңындағы мектептерге қосымша қаржының қарастырылмауы және т.б. мәселелерді қосуға болады.

Аталған мәселелерді шешуде тірек мектептердің санын көбейту және ондағы білім беру процесін жақсарту ұсынылады. Мәселен өздігінен дамуы қиын және білім алушылар саны аз шағын жинақты мектептерді тірек мектептерге біріктіру арқылы «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешенін құрған дұрыс. Кешен ортақ қаржыландыру мен ортақ басқаруға негізделеді. Сондай-ақ, Кешенде сессиялық және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыру, педагог-кадрлары жоқ немесе жетіспейтін мектептерде онлайн оқыту мәселелерін қарастыру арқылы шағын жинақты мектептерді дамыту мәселесін қолға алған дұрыс.

Сол секілді тірек мектептерде өңірлік қажеттіліктерді ескеріп отырып Техникалық кәсіптік білім беруді ұйымдары мен жоғары оқу орындарында маман тапшылығын ескере, Кәсіптік оқыту мәселесін жолға қоюға ұсынылады.

Әр өңір өз өңірінің сұранысы мен қажеттілігіне қарай өңірлік даму жоспарын құрған дұрыс. Жоспарда тірек мектептердің білім алушыларының қажеттілігіне қарай оқуға түскенде білім беру гранттарын қарастырған жөн.

Білім беру процесінде Тірек мектептер мен магнитті мектептер білім алушыларымен бірлесе қоғамдық дамудың тенденцияларын басшылыққа алып жұмыс жасауға ұсыныс беріледі.

Қоғамдық дамудың әлемдік тенденцияларына: жылдам өзгермелі қоғамға **адамдардың дайындығы; «Ақпараттық қоғамға» өту;** мәдениетаралық байланыс **көлемінің кеңеюі; коммуникативтілік пен толеранттылықтың қажеттілігі;** мамандандырылған **еңбек ортасын қолданудың қысқаруы; еңбекпен қамтамасыз ету ортасында құрылымдық өзгерістер;** қызметкерлердің **кәсіби мамандығын көтеру қажеттілігі;** қоғамды демократияландыру, **саяси өмір ортасын таңдауға мүмкіндікті кеңейту;** азаматтардың **сапалы түрде саяси таңдауы деңгейін көтеру қажеттілігі;** Ғылыми-техникалық **прогрестің дамуымен күрделі әдептілік мәселелері жатады.**

Тірек мектептердегі **білім беру құндылықтарының миссиясы** – барлық білім алушылар білім мен дамудың аса жоғары деңгейіне қол жеткізуіне қолдау жасау.

Білім беру саясатының мақсаты – баланы өздігінен білім алуға, ойлануға, проблемаларды шешуге үйрету;

Міндеті – білім алушының өздік оқу әрекетін қалыптастыру;

Құралдары: шығармашыл жобалар, интерактивтік әдістер, кірігу, жаңа пәндер, технологиялар, профилді оқыту және т.б.

Нәтижесінде білім алушылардың білім деңгейі: қарапайым (элементарлы) және функционалды сауатты, цифрлы сауатты, жалпымәдени, мамандық таңдауға бейімделген, жеке тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Тірек мектебіндегі білім беру процесінде білім алушыларын бойында:

- функционалды сауатты, жан-жақты дамыған мектеп бітіруші моделі қалыптасады;

- бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты тұлғаны дамыту технологиясы жүзеге асырылады;

- оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері, бейімділіктері дамиды, білім беру кеңістігі қалыптасады;

- жаңаша білім беру ортасы қалыптасып, педагогикалық бейімделген әлеуметтік озат тәжірибесін көрсететін білім беру мазмұны құрылады.

Жалпы білім беретін мектептің білім мазмұны адамзаттың педагогикалық бейімделген әлеуметтік озат тәжірибесінде:

- **дәстүрлі түсіндірмелі** – таным әрекеті тәжірибесінде көрнекілік әдісінің көмегімен қалыптасады;

- **алгоритімдік оқыту** әдісі – әрекеттің белгілі тәсілдерін іске асыру тәжірибесімен;

- дамыта оқыту, жобалау әдісі, проблемалық оқыту, **тиімді шешім қабылдау біліктілігі түрінде шығармашылық әрекет тәжірибесінде** проблемалық жағдайларда жасап көру мен қателесу т.б. технологиялар көмегімен қалыптасады;

- **сезімдік-құндылық қатынасты іске асыру тәжірибесінде** мағыналы педагогика принциптерін жүзеге асыру процесінде, тұлғаға бағдарлық түрінде қалыптасады;

- **азаматтық көзқарасын қалыптастыру тәжірибесінде** мектепте оқу кезеңінде оқушыларды жергілікті қауымдастық проблемаларын шешуге тарту процесінде қалыптасатын қоғам өмірін жаңартуға белсенді қатысу дағдылары түрінде іске асырылады.

Даму жағдайында білім беру аспектілеріне:

- жас ұрпақтың жеке-дара дамуы, қалыптасуы, жетілуі;
- үнемі өзгерістер жағдайында өмір сүруді қалыптастыру;
- өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі жетілдіру;
- білімді қоғамды, адамның алдында тұрған мәселелерді шешуге бағыттау;

- ұжым мүшелерінің бірлескен ынтымақтастығы, жұмысы;

- оқытудың бейімделген бағдарламалары;

- білім беру ұйымдарын тұтас қамтитын, оның іс-әрекетімен нәтижелерін талдау-зерттеу негізіндегі инновациялық үрдіс жатады. Сондықтан да тірек мектептерде білім беру процесінде аталған аспектілерді басшылыққа алған жөн.

Тірек мектептерді дамыту шағын жинақты мектептердің проблемаларын шешумен іске асырылып отырады.

ШЖМ проблемаларын шешудің маңызыдығы. ШЖМ проблемалары – білім беру проблемалары ғана емес, сонымен қатар шалғайдағы ауыл тұрғындарының, қоғамның, бүкіл елдің проблемасы.

Ауылды дамыту, білім сапасын арттыру экономиканың аграрлық секторын дамыту және сақтаумен тікелей байланысты

ШЖМ проблемаларын шешу – бүгінгі таңда мектеп жасындағы білім алушыларды интернаттарға орналастырумен жүзеге асырылып жатыр.

Алайда оқыту мен білім берудің интернаттық формасында – бірқатар кемшіліктер бары анық.

Оқыту мен білім берудің интернаттық формасы

1. **Балаларды үйренген ортасынан, отбасынан айыру** (кемшілігі: балаларға отбасылық тәрбие құндылықтарды, ұлтымыздың жасырларға жалғасқан дәстүрлерін ұмытуға әкеледі).

2. **Ауыл мектептерінің жабылуы** – мәдени-қоғамдық орталықтардың жабылуына және ауылдың өзінің жоғалуына төнген қауіп (ауыл мектебі – дәстүрлі түрде аса маңызды және қымбат ұлттық құндылық. Ауылдық жердегі мектеп – рухани жаңғырудың кепілі).

3. **Интернаттардың тиімділігі/тиімсіздігі.** (*Интернаттар салу мен оларды жабдықтау, балалардың тұруы мен тамақтануы, штатты ұстап тұру үлкен қаржыны талап етеді. Салынған интернаттар мен ондағы білім алушылардың білім алуы білім беру нәтижелерін жоғарылатуға тиімді бола ма?*)

Тірек мектептердің (ресурстық орталықтар) өзіндік ерекшеліктері

Тірек мектебі мен магнитті мектептер арасындағы білім беру үрдісін жақсартуды негізгі 3 бағытта қарастыру ұсынылады. Олар:

1. Тірек мектептерінде сессиялық және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыру;
2. Тірек мектептер арқылы онлайн (қашықтан) оқытуды жүзеге асыру;
3. Шағын жинақты мектептерде комьюнити орталықтарды құру

I. ТІРЕК МЕКТЕПТЕРІНДЕ СЕССИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СЕССИЯАРАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Тірек мектеп – негізгі мектеп ретінде шағын ауылдардағы мектеп білім алушыларының сапалы білім алуы және педагог кадрлардың кәсіби өсу бағытында жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар ол:

1. Тірек мектептері жекелей алынған мектептер емес, өзара жақын орналасқан мектептердің **бірыңғай білім беру кеңістігіне кіріктірілген желісі.**

2. Тірек мектебі (РО) толық жинақты жалпы білім беретін ауыл мектебінен және **өзара жақын орналасқан шағын жинақты мектептерден тұрады.**

3. Жекелей алғандағы шағын жинақты мектептердің **жетіспейтін ресурстарын толықтыратын, бірыңғай білім беру жүйесін құрайтын мектептер кешені ретінде қарастырылады.**

Тірек мектебі мен магнитті мектептердің өзара байланысы:

1. Тірек мектептер арқылы кадрлардың **кәсіби өсуіне жағдай жасалады;** (*педагогтер білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады*).

2. Мектептердің оқу үрдісіне **оқытудың жаңа бағыттары, принциптері енгізіледі.**

3. Тірек мектептер мен магнитті мектептер үшін білім беру кеңістігінің **біртекті оқу жоспары әзірленеді.**

Осы орайда, тірек мектебі (РО) педагогтердің кәсіби белсенді өзіндік дамуының ортасы, өзара оқыту, өзара пікірлесу, **нәтижелі кәсіби өсуге арналған алаң** ретінде қалыптасады.

Тірек мектебінде (РО) білім беру үдерісін ұйымдастыруда материалдық-техникалық және кадрлық ресурстарды кіріктіру оқу-тәрбие үдерісін заманауи талаптарға сәйкес құруға мүмкіндік беріледі.

Оқу бағдарламалары модульдік сипатқа ие, оқытудың дифференциалдылығы және жекешелік ұстанымы іске асырылады.

Ресурстық орталықта оқыту – оқу сессиясы мен сессияаралық кезеңдердің болуымен ерекшеленеді.

Тірек мектептері мен магнитті мектептердің өзара қарым-қатынасы оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы өздігінен білім алуына, қажетті өзіндік құзыреттерін қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Тірек мектебінің негізгі идеялары білім беру жүйесінің ашықтығы, оқытудың дифференциалдылығы және жекешелілігі, оқу үдерісін техникамен қамтамасыз ету, сабақтастық және т.б. сияқты қазіргі заманғы білім беру құндылықтарымен сәйкес келеді. Тірек мектептер мен магнитті мектептерді біріктіре отырып ортақ білім беру кеңістігін құру ең алдымен ауыл мектебі мен қала мектебі арасындағы білімдегі алшақтықты қысқартуға және білім сапасын арттыруға бағытталады. Келесіде «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешенінің моделі берілген.

II. «ТІРЕК МЕКТЕБІ – МАГНИТТІ МЕКТЕПТЕР» КЕШЕНІНІҢ МОДЕЛІ

Модельде Тірек мектебі өзіне қарасты 5-6 магнитті мектепті кешен ретінде біріктіреді. Тірек мектебі мектептерді басқаруға, ресурстарға, мазмұнға жауап болады.

Тірек мектебінің қызметінде мектеп білім беру сапасы мен процесін жақсартумен қоса: білім алушылардың интернатқа тұрып оқуына, білім алушылардың тасымалдауына, тамақтануына және материалдық-техникалық базасына жауапты мектеп ретінде саналады.

Тірек мектебінен магнитті мектептерге оқу-әдістемелік сүйемелдеу мен ғылыми-әдістемелік қолдау, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жүргізіледі.

Сол секілді тірек мектебінде: менторлық, коллаборация, әлеуметтену, сапалы білім беру қызметі жүзеге асырылады.

«Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешенін» дамытудан күтілетін нәтижелер:

- магнитті мектептердің білім алушылары үшін тірек мектептің білім беру ресурстары қолжетімді болады;

- Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы білім саласындағы алшақтығы қысқарады (PISA нәтижелері бойынша);

- тірек мектепте сессиялық және сессияаралық жұмысты ұйымдастыру қамтамасыз етіледі;

- білім алушылардың бейін алды және бейіндік білім беру жүйесін дамыту үшін жағдайлар жасалады және ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде ҚБТ пайдаланылады;

- магнитті мектептер бейіні бойынша педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі және т.б.

Тірек мектептерде сессиялық және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыру

Тірек мектептері мен магнитті мектептер өзара бір-бірімен оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарын іске асырылады. Барлық педагогтер (тірек мектебі мен магнитті мектептердің) – оқу-әдістемелік байланыста болып, білім алушылардың білім сапасын жақсарту бағытында жоспарлы жұмыстар жүргізеді.

Тірек мектептерінде сессияны ұйымдастыру модельдер бойынша жүзеге асырылады. Сессияаралық негізгі 4 модульге (I, II, III, IV) есептелген. Негізгі орта білім беру деңгейінде 7-9-сыныптар үшін сессиялық жұмыстар 3 модуль бойынша 10 күннен (25 қыркүйектен (10 күн), II тоқсанның 2-аптасынан және III тоқсанның 2-аптасынан) 3 сессия және жалпы орта білім беру деңгейі бойынша 4 модуль 6 күннен (10 қазаннан (6 күн), қалған сессиялар 7-9-сыныптардың сессиясы аяқталғаннан кейін) 4 сессия түрінде іске асырылады.

Модульдер бойынша:

1-модуль. Инварианттық компонент (өз мектептерінде оқытылады). Бұл модульде әр мектеп (тірек мектебі мен магнитті мектеп) қыркүйек айынан бастап өз мектебінде Үлгілік оқу жоспары бойынша өз сабақтарын жүргізеді. Сессия жұмыстарына көбіне негізгі орта білім беру деңгейінде 7-9-сыныптарды қамтыған жөн. Себебі 7-сыныптан негізгі пәндерді оқыту жүргізіледі.

2-модуль. Инварианттық компонент (тірек мектебінде кәсіби бағдарлық білім беру). Бұл модульде магнитті мектеп білім алушылары тірек мектептеріне тасымалданып, сабақтар тірек мектептерінде жүргізеді. Бұндағы мақсат – білім алушылар негізгі пәндік мазмұнды тереңірек түсінуге, қажетті зертханалық жұмыстарды жүргізуге, дүниетанымдарын кеңейту мен білімге деген көзқарастарын қалыптастыруға және жобалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге машықтандыруға үйрету.

3-модуль. Вариативті компонент (Жаһандық құзыреттіліктер). Бұл модульде ауыл мектептерінің білім алушыларының жылдам өзгермелі заманға сай білім алуда заманауи білім алу мен оны өмірде дұрыс қолдана білуге үйрету мен «Тәрбие парадигмасын» (Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азамат тәрбиелеу); «Тәрбие құндылықтарын» (ұлттық мүдде; ар-ұят пен талап); тәрбиенің үздіксіздігін; тәрбие тұғырын (ұлттық мүдде; ұлттық мирас; ұлттық мәдениет; Қазақстан елін қорғаған батырлар, билер шешендер, даналар, көсемдер, абыздар, ағартушылар мен ұлт зиялыларының мекенін; тарихи жерлер; табиғи мұра; көшпенділер өркениетінің мұрасын; Қазақстан қызғалдақ пен алманың отанын және т.б.) білім алушылардың бойларына сіңіру және т.б. жұмыстар жүргізіледі.

4-модуль. Элективті курстар (теориялық мәселелер, зерттеу жұмыстары). Бұл модульде шағын жинақты мектеп білім алушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыттау жұмыстары жүргізіледі. Өңірлердегі «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен жабдықталған мектептерге алынған зертханалық құралдарды пайдалану, нәтижесінде ғылыми қорытындылар шығару арқылы білім алушылардың

өзіндік көзқарасын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, білім алушылармен қатар шағын жинақты мектеп педагогтерінің өзіндік ізденіс жүргізіп, өз өлкесінің пайдалы қазбалары мен өсірілетін дәнді-дақылдарының пайдасы мен өсу сапасын жақсарту және т.б. бағытта зерттеулер жүргізіледі.

Тірек мектептері мен шағын жинақты мектеп білім алушыларының өзара қарым-қатынасын жолға қойып, біріздендіру үшін тірек мектептерде сессия жұмыстары мен сессияаралық жұмыстарды жүзеге асырған дұрыс.

Тірек мектебі мен магнитті мектеп педагогтері ортақ масатқа жұмылдырыла отырып, мектеп білім алушылары үшін ҚМЖ, ҚМТЖ, БЖБ, ТЖБ, технологиялық карталарды бірлесе әзірлеп, ЦБР және ҚБТ негізінде оқу қызметтері бірлесе ұйымдастырылады.

III. ТІРЕК МЕКТЕПТЕР АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН (ҚАШЫҚТАН) ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Тірек мектептерінен онлайн оқытуды ұйымдастыру жолдары

Бүгінгі таңда «Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарының ауылдық тірек және шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу» пилоттық жобасы» бекітілді.

Жоба қызметінің ерекшелігі:

1. Біріктірілген сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу. Бүгінгі таңда шағын жинақты мектептердің көбінде біріктірілген сыныптары бар. Біріктірілген сыныптардың ерекшеліктері білім алушы санының аздығына қарай бір сыныпта бірнеше сынып білім алушыларының отырып сабақ өтуі. Бұл әрине, білім алушы үшін де, педагог үшін де қиындық туғызары анық. Сондықтан педагогке әр сыныптың пәндер бойынша оқу бағдарламаларының мақсаттарын меңгертуде ортақ Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламалары қажет.

2. Инновациялық тәсілдер арқылы пәндерді онлайн оқыту. Пәндерді онлайн оқытуда 5-11-сыныптарда [жаратылыстану бағытындағы](#) «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» пәндерін және «Ағылшын тілі» пәнін онлайн педагог пен онлайн педагогтің көмегімен оқытуды жүзеге асыру.

Онлайн педагог тірек мектебінің немесе магнитті мектептің білікті педагогі бола алады. Онлайн педагогтің негізгі мақсаты оқу пәнінің мазмұнын оқу мақсаттарына сай құрып, жаңа сабақты меңгерту. Ал онлайн педагогтің ассистенті (бұдан әрі – Ассистент) магнитті мектептегі педагог. Ассистенттің міндеті онлайн педагогтің өткізген сабағын білім алушылармен бекіту, меңгерту жұмыстарын жүргізу. Екі педагог (магнитті мектептердің санына қарай бірнеше педагог те болуы мүмкін) те бірге ҚТЖ, ҚМЖ, БЖБ, ТЖБ технологиялық карталарды әзірлейді. ЦБР және ҚБТ негізінде оқу қызметін ұйымдастырады.

Онлайн оқытуды ұйымдастырудың талаптары. Жалпы онлайн оқытуды ұйымдастыру әрбір білім алушыға жеке сабақты меңгертуге бағытталады. Мәселен, педагог өз компьютерінің бетінен әр білім алушының абақты қаншалықты меңгеріп, түсініп отырғанын байқай алады. Сондықтан да әр шағын жинақты мектеп білім алушыларын «онлайн сыныптарға» біріктірген дұрыс. Әр онлайн сыныпта шамамен 15-20 білім алушыдан отырғаны дұрыс, себебі бұл педагог үшін де әр сабақтың сапалы өтуі мен оның меңгерілуін қадағалауға мүмкіндік береді.

Онлайн сабақтың ұйымдастырушылық кезеңіне 5 минут берілгені дұрыс. Бұл жерде жергілікті жердегі интернет мәселесі мен техникалық жақты ескерген дұрыс. Ассистент онлайн сабаққа уақытылы қосылып, білім алушылардың онлайн сабаққа қатысуын қадағалауы және сабақтың өту барысында білім алушылардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуі керек.

Онлайн педагог санитарлық нормаларға сай сабақтың өту уақытында жаңа сабақты әртүрлі білім беру платформалары мен жаңа инновациялық тәсілдерді пайдаланып қызықты өткізуге тырысуы керек. Онлайн педагог цифрлы технологияларды жетік меңгеріп, сабақ барысында білім алушыларға қазіргі білім беру талаптарына сай сабақты ұйымдастырып өткізуі керек.

Сондай-ақ онлайн педагог: онлайн білім беру ресурстарын қолданып, жаңа тақырыпты түсіндіру; жаңа тақырыпты бекіту бойынша тапсырмаларды орындау; сабақта қашықтан оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін қолдану және ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына жауап беруі қажет.

Ассистент онлайн педагогтен кейін сабақты офлайн форматта жалғастырады. Ол: жаңа материалды игерудегі проблемалық мәселелерді анықтауға бағытталған кері байланысқа; білім алушылардың оқу жетістіктеріне формативті бағалауға; үй тапсырмасын жүктеуді үйлестіруге; білім алушылардың білімін толықтыру бойынша жұмыстарды жүргізуге және білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша жауапты болады.

Ассистент онлайн педагогтен кейін сабақты офлайн форматта жалғастырады. Ол: жаңа материалды игерудегі проблемалық мәселелерді анықтауға бағытталған кері байланысқа; білім алушылардың оқу жетістіктеріне формативті бағалауға; үй тапсырмасын жүктеуді үйлестіруге; білім алушылардың білімін толықтыру бойынша жұмыстарды жүргізуге және БА білім сапасына жауапты болу.

Қашықтан оқыту моделі негізгі 4 бағытқа құрылады. Олар: синхронды, асинхронды, гибриді және кеңес берушілік.

1. Синхронды оқыту – нақты (виртуалды) уақыт режимінде жүргізілетін оқыту моделі; 2. Асинхронды оқыту – сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады. 3. Аралас/гибриді оқыту моделі – офлайн және онлайн форматта аралас оқытылады. 4. Кеңес берушілік – педагогтің қолдауымен білім алушының жеке қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады

ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ

Тірек мектептердің әлеуетін арттыру ең алдымен магнитті шағын жинақты мектептерді дамыту үшін қажет. Тірек мектептері ретінде мектептің материалдық-техникалық базасы мен педагогтердің сапалық құрамы талапқа сай мектеп алынады. Тірек мектебі жақын елді мекендегі мектептердің жабылуының алдын алу мен мектептің сақталуы, білім алушылардың сапалы білім алуы мен педагогтердің кәсіби өсуі бағытында жұмыс жасайды.

Тірек мектебіне қойылатын талаптар: МТБ жағдайы жақсы; педагогикалық кадрлармен толықтай жасақталған»; қосымша білім берудің шарттары қарастырылған; кең жолақты интернетпен қамтылған, интернет жылдамдығы кемінде **20 Мбит/сек.** кем емес; медициналық қызмет көрсету кабинеті бар; біріктірілген мектептер саны 2-ден 6-ға дейін: тірек мектебінен 3 км.-дан 60 км.-ға дейінгі мектептер және қажет болған жағдайда одан да алыс жатқан мектептерді қарастыруға болады.

ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕПТЕР ТӘЛІМГЕРЛІГІНЕ БЕРУ

Тірек мектептері 5-6 шағын жинақты мектептерді өз қарамағына алып, кешен ретінде жұмыс жүргізеді. Ал тірек мектептерін жетекші мектептерге біріктіру арқылы тірек мектептердің құзыреті мен әлеуетін арттыру бағытында жұмыстар жүргізу жоспарланып отыр. Мамандандырылған мектептер тірек мектептерді өз құзыретіне ала, шалғайдағы дарынды білім алушыларға терең білім алып, тұлға ретінде қалыптасу бағытында жұмыс жасау ұсынылады.

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІН САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ауыл мектептері – этнопедагогика және ұлттық құндылықтар негізінде оқыту мен тәрбиелеуді іске асыратын дамыған инфрақұрылыммен; білікті педагогикалық кадрлармен жасақталған; білім алушылар үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету; цифрлық шешімдерді пайдалана отырып оқытудың жаңа нысандарын енгізу және бүкіл елді мекен үшін мәдени орталық ретінде саналады.

Ауыл мектептерін сақтау: білім алушылар құқығының сақталуы; адами капиталдың дамуы; ауылда экономика мен өндірісті, қосымша жұмыс орындарын ашумен байланысты.

Ауыл мектебі білім, мәдениет пен экономикалық жағдайдың ошағы. Ауыл мектебіндегі білім беру жағдайы білім алушының өмірлік жетістіктерге қолжеткізе алуға, мәдени салада ауыл тұрғындарының байланыс орталығы мен әлеуметтену орны және экономикалық тұрғыдан ауыл қоғамдастығы үшін инвестициялар тарту, жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін ошақ ретінде қарастырылады.

Ауыл мектептерін дамытуды 5 бағытта қарастыруға болады. Олар: 1. Инфрақұрылымды дамыту; 2. Педагогтердің, басшылардың кәсіби дамуы; 3. «Тірек мектеп-магниттік мектептер» кешендерін құру; 4. Трансформация,

қауымдастық орталықтарындағы ауыл мектептері және 5. Білім беру аудандарын құру.

Ауыл мектептерінің инфрақұрылымын дамытуда: 1. Апатты, ұшауысымды, тозығы жеткен мектептердің орнына жаңа мектеп салу; 2. Күрделі жөндеу/жаңарту жұмыстарын жүргізу; 3. Пәндік, әмбебап кабинеттермен және спорттық жабдықтармен жабдықтау; 4. Кітапхана қорын көркем әдебиеттермен, әдістемелік нұсқаулықтармен толықтыру; 5. Интернет жылдамдығын арттыру; 6. Жергілікті желілерді құру немесе Wi-fi нүктелерін орнату және 7. Асханаларды, мектеп аулаларын жаңғырту мәселелерін қарастырған дұрыс.

Мектептің білім сапасы мен білім алушылардың сапалы білім алуы үшін ең алдымен педагог кадрлардың кәсіби деңгейі мен дайындығын ескерген жөн.

Педагогтер мен басшылардың кәсіби дамуында мектеп басшылары: көшбасшылықты дамыту бағдарламалары; басқару дағдыларын оқыту-менторлық бағдарламаларын; цифрлық сауаттылықты арттыру коммуникативтік дағдыларын Педагогтер мен басшылардың кәсіби дамуында мектеп басшылары: көшбасшылықты дамыту бағдарламалары; басқару дағдыларын оқыту-менторлық бағдарламаларын; цифрлық сауаттылықты арттыру коммуникативтік дағдыларын меңгергені дұрыс. Мектеп педагогтері: кәсіби даму, тәжірибе алмасу, тәлімгерлік, цифрлы сауаттылық, жұмсақ дағдыларды дамыту және білім алушы мен ата-ана, әріптестер арасында психологиялық көмек көрсете алатындай жағдайда болғаны дұрыс.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Мектеп педагогтері үшін педагогикалық қоғамдастық арқылы мектепшілік біліктілікті арттыру; желілік қоғамдастықта оқыту және педагогтерді оқыту әдістерін талдау және бағалау бойынша жұмыстарды атқарған және біліктіліктерін ұдайы арттырып отырғаны дұрыс.

Мектеп басшыларына өздерінің цифрлық құзыреттерін дамытып, цифрлық құралдар көмегімен жоспарлауды, бақылауды, топтық жұмысты меңгеру бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Мектептердің әдістемелік қолдау жұмыстарында онлайн форматта сабақ өткізу саласындағы цифрлық құзыреттілікті дамыту; цифрлық білім беру ортасы жағдайында пән мазмұнын оқыту әдістемесіне оқыту және цифрлық немесе аралас оқыту форматының стратегиялары мен әдістерін қолдана отырып, біріктірілген сыныптарда оқу сабақтарын жоспарлауға үйрету ұсынылады.

ІІІ. ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ КОМЬЮНИТИ ОРТАЛЫҚТАРДЫ ҚҰРУ

Ауыл мектебі – игіліктің қайнары, жақсылықтың бастауы. Қазақтың әрбір екінші ғұламасы ауыл мектебінен шыққан және бүгінгі таңда білім мен

ғылымда жоғары жетістіктерге жетіп жүргендер де ауылдан шыққан жастар екенін естен шығармағанымыз жөн.

Ауыл мектебі ұйытқысы бұзылмаған, тарысы шашылмаған қасиетті білім ордасы. Қашан да ауыл мектебі тұрақты серіктестікті дамытқан, жергілікті қоғамдастықтың орталығына айналған орын.

Бүгінде шағын ауылдарда орналасқан ауыл мектептерін білім мен мәдениеттің ордасына айналдырып, бала мен ата-ана, ата-әжелерді басын қосып, қазақи тәрбиені тарату мен ұмыт болған игі салт-дәстүрімізді жаңғыртатын ортаға айналуы заңды құбылыс.

Ауыл мектептерін ұрпақтар сабақтастығында мәдени білім ошағына айналдырудағы мақсат – буындар арасында бірлесіп жұмыс істеуге шоғырландыру, бірін-бірі қолдау және дамыту үшін ұлтымыздың ізгілік, ілтипаттық, жанашырлық және т.б. құндылықтармен жастарлы тәрбиелеу. Білім алушылар, педагогтер, ата-аналар және ауыл тұрғындарының басын біріктіру арқылы ұлттық мәдени ортаны қалыптастыру. Білім алушылар үшін отбасы құндылықтары мен ұрпақтар сабақтастығын көрсету және алдағы өмірде өзіне қажетті шешім қабылдарда үлкеннің өсиетін тыңдауға, өзіндік шешім шығара білуге қалыптастыру.

Бұл орталықтарда білім алушылардың бойында: кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру; белсенді өмірлік ұстаным мен 21-ғасырдағы дағдыларын меңгертуге және көшбасшылық қасиеттерді дамыту бағытында жұмыстар жүргізілетін болады.

Мектеп педагогтері үшін: командада жұмыс істеу; біртұтас ұжым болып, әріптестер арасында бір-біріне деген құрметті қалыптастыру; ата-аналармен байланысты жақсарту мақсатында жұмыстар жасауға және білім алушылармен белсенді ынтымақтастық құруға мүмкіндік туындайды.

Ауыл тұрғындары үшін: мектеп өміріне қатысу, араласу, баласының қалай білім алып, тұлға ретінде қалыптасуына өзіндік атсалысу; ұрпақтар байланысын сақтау мен жалғастыру; жаңа білім мен дағдыларды игеру; дағдылар мен тәжірибелермен бөлісу мүмкіндігі және ақпараттық қолдау алуға мүмкіндіктері болады.

Орталықтардың жұмысы жүрген кезде одан келесі нәтижелер күтілуде:

1. Білім алушы, ата-ана, мектеп арасында мәдениет пен дәстүрді зерттеу бойынша **бірлескен жобалар әзірлеуге**, ауылды жердің ерекшелігіне қарай шағын бизнес құру мүмкіндіктерін қарастыру мен тың идеяларды ұсынуға жағдайлар жасалады.

2. **Қызығушылық клубтары**. Ауыл жастары мен тұрғындары арасында әртүрлі бағытта клубтарды ұйымдастыруға болады. Мәселен, қолөнерді дамыту, қыз балалар үшін ас әзірлеу, шаруашылық жүргізу, отбасы құндылықтарын сақтау, шешендік өнер мен мәнерлеп оқу, ән салу мен би билеу және т.б. бағытта қызықты да қажетті клубтарды ұйымдастыруға болады. Бұндай клубтардың жастар тәрбиесінде алар орны ерекше болары анық

3. **Әлеуметтік жобалар.** Ауыл тұрғындары мен білім алушылары және педагогтер біріге отырып, ауылдағы тұрмысы төмен отбасыларды қолдау мақсатында волонтерлікпен айналысуға және т.б. туындаған мәселелерді шешу бағытында бірлесе жұмыстарды ұйымдастыруға болады. Бұндай жобалар білім алушылар бойында мейірім мен өмірде тұлға болып қалыптасу үшін білім алуға деген қызығушылықтарын туғызуға әсерін тигізеді.

4. **Қосымша білім.** Орталықтарда ұрпақтар арасында қосымша білім алуға да мүмкіндік тудыруға болады. Мәселен, білім алушылар, өздерінің оқыған қызықты ақпараттарымен бөліссе, ересектер қауымы ұмыт болып бара жатқан сал-дәстүрлермен немесе көне сөздердің мағынасын түсіндірсе немесе аңыз-әңгімелер мен нақыл сөздердің мағынасын жеткізсе, ол да білім алушылар үшін де, ата-аналар үшін де жаңа білім алғанмен бірдей болар еді.

5. **IT сауаттылық негіздері.** Заман талабына сай, бүгінгі күн ғылыми-техникалық прогрестің арқасында цифрлық даму заманы. Сондықтан да орталықтарда білім алушылар ата-аналары мен ата-әжелеріне компьютерлік сауаттылықты дамыту бойынша жұмыстар жүргізуге болады. Ал IT саласының маманы ауыл тұрғындарына шағын және орта бизнеспен айналысқанда компьютер арқылы салық төлеу, қажетті құжаттарды алу немесе өтінім беру және т.б. мәселелерді меңгеру курстарын ұйымдастыруға және сүйемелдеуге жағдай жасауға болады.

Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

Ауыл мектептерін дамытуда және тірек мектептердің (ресурстық орталықтар) қызметін ұйымдастыру мақсатында 4 бағытта жұмыстар жүргізеді. Олар: ғылыми-әдістемелік; оқу-әдістемелік; ақпараттық-талдау және диагностикалық бағыт пен ұйымдастырушылық әдістемелік бағыт.

Ғылыми-әдістемелік бағытта: халықаралық тәжірибелерді зерделейді; ғылыми-әдістемелік бағытта жұмыстар жүргізеді және білім сапасын арттыруға ұсыныстар береді.

Оқу-әдістемелік бағытта: оқу-әдістемелік қамтамасыз етеді және озық тәжірибелерді зерттейді, талдайды, сипаттайды, таратады.

Ақпараттық-талдау және диагностикалық бағытта: деректер базасын саралайды, зерттейді, ақпараттық базаны құрады; оқыту процесіне жүйелі мониторинг жүргізеді және оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар береді.

Ұйымдастырушылық – әдістемелік бағытта: әдістемелік кабинеттермен бірлесе білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүргізеді және іс-шаралар жоспарын құрады.

Мониторингтік зерттеулер, білім беру жүйесінің жай-күйін талдау, жобаларды сараптауда:

Тірек мектептер мен магнитті мектеп педагогтері өткізген онлайн сабақтарға бақылау жүргізілді;

Қорытындылар негізінде педагогтерге білім сапасын жақсарту бойынша сындарлы кері байланыс берілді;

Педагогтерді әдістемелік қолдау және жобаны масштабтау бағыттарын анықтайы, сабақтарға бақылау жүргізіліп, сауалнамалар алады.

ТІРЕК МЕКТЕПТЕРІ

Тірек мектептерді құру – шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білім беру мақсатында құрылған.

Шағын жинақты мектептерді дамыту мәселесі тірек мектептер (ресурстық орталықтар) есебінен құруға көзделген. Республикада ауылдық жерлерде сапалы білім беруді қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді және ресурстарды аз жұмсайтын құралы ретінде ресурстық орталықтың моделі әзірленді және қазіргі уақытта оның тиімділігіне эксперименттік тексеру жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта тірек мектептердің санын көбейту арқылы шағын жинақты мектептердегі білім алушыларға сапалы білімді қолжетімді етуге болады.

Ресурстық орталықтың МИССИЯСЫ: орта білім берудің барлық деңгейлерінде білім мен тәрбиенің қолжетімділігін, сапасын қамтамасыз ету.

Ресурстық орталықтың мақсаты – оқушылардың жеке дамуы мен шығармашылық өсуін, функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыруды, мектеп педагогтерінің шығармашылық белсенділігін қамтамасыз ететін бірыңғай білім беру ортасын құру.

Келесіде Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің Мұқағали Мақатаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іс-тәжірибесі ұсынылады.

Өңірдегі тірек мектебінің тәжірибесі үлгі ретінде ұсынылғандықтан, тірек мектептерінің қызметін үйлестіруде басшылыққа алуға болады.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ АТЫНДАҒЫ ТІРЕК ОРТА МЕКТЕБІ (РО)

БЕКІТІЛДІ:

Мұқағали Мақатаев
атындағы тірек орта
мектебінің (РО) директоры
_____ А. Сихимова
«__» _____ 2023ж

«Магнитті мектептерге ғылыми-әдістемелік және инновациялық қызметтің белсенділігін арттыру арқылы мұғалімдердің кәсіби әрекеттестігіне жағдай жасау»

тақырыбындағы Мұқағали Мақатаев атындағы тірек орта мектебінің (РО) магниттік мектептерге арналған жоспары
2023-2024 оқу жылы

Төле би ауылы

Тақырыбы: «Магнитті мектептерге ғылыми-әдістемелік және инновациялық қызметтің белсенділігін арттыру арқылы мұғалімдердің кәсіби әрекеттестігіне жағдай жасау»

МАҚСАТЫ:

Магниттік мектептерге 12 жылдық білім беруде білім беру үрдісін технологияландыруды жобасын жүзеге асыру үшін ресурстық орталық жұмысын апробациялау.

МІНДЕТТЕРІ:

1. Тірек және магниттік мектептер арасында серіктестікті ұйымдастыру;
2. Конференция, конкурс, семинар, форум материалдарын әдістемелік құралдар, шығармашылық есеп үлгілері мен авторлық бағдарлама, педагогикалық шығармашылық жобаларды ғылыми ақпараттық баспаға дайындау;
3. Магниттік мектеп мұғалімдерін ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, педагогикалық оқуларға, республикалық деңгейдегі байқауларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатыстыру;
4. Білім үрдісін технологияландыру, заманауи білім беру мәселелері бойынша магнитті мектептерде конференция өткізуді ұйымдастыру;
5. Тірек мектебінде «Жаңа білім беру: іс-тәжірибе және сын, бағыт бағдарлар жобасын жүзеге асыру»;
6. Магнитті мектептер үшін инновациялық, тәжірибелік-сараптамалық жұмыстарды жасауды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

1. Педагогикалық қызметте заманауи білім беру технологияларын қолданудың тиімділігі анықталады;

2. Педагогтер конференция, байқау, форум, педагогикалық оқуларға, әртүрлі дидактикалық оқу-әдістемелік кешендерді, оқулықтарды әзірлеуге қатысады;

3. Магнитті мектеп мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысу белсенділігі артады;

4. Жаңа білім беру тәжірибесі нәтижесінде магниттік мектептерде оқушылардың өзіндік білім алуы, білім сапасы, шығармашылық белсенділігі артады.

М. Мақатаев атындағы тірек орта мектебі (РО)**Магниттік мектептерге арналған жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы,
I жарты жылдық**

№	Оқу-әдістемелік бөлім	қыркүйек	үлгісі
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Білім беру үдерісінде қолданатын инновациялық технологияларды анықтау (зерттеу)	Көшпелі әдістемелік кеңес (ӘК)
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	Тірек және магниттік мектептерде білім беру процесін жетілдіру мақсатында сабақты зерттеу тәсілімен жұмыс жүргізу арқылы шығармашыл орта құру (теориялық семинар)	Әдістемелік кеңес отырысы
3	Диагностикалық жұмыстар	Мұғалімдердің кәсіби дамуын зерттеу мониторингін жүргізудің тиімділігі (дамыту семинары)	Дөңгелек үстел
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары	«Магниттік мектептерде ғылыми әдістемелік және инновациялық қызметтің белсенділігін арттыру арқылы мұғалімдердің кәсіби әрекеттестігіне жағдай жасау» тақырыбындағы тәжірибенің 2022-2023 жылының жұмысын қортындылау және 2023-2024 оқу жылының жоспарын бекіту	Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңірудің бірден-бір жолы – ұлыларды ұлықтау (форумға дайындық жұмысы)	Магниттік мектеп әкімшілігі жанындағы отырыс
6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары	«Ізденген жетер мұратқа» (ізденіс - нәтиже шығармашылық есеп)	Әдістемелік кеңес
7	Бақылау басқару жұмыстары	Мұғалімдерге арналған мониторинг зерттеу қорытындысымен таныстыру (слайд 2022-2023 оқу жылы)	Әкімшілік жанындағы кеңес.

№	Атқарылатын оқу-әдістемелік бөлімдері	Қазан	Қаралатын орны
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Білім беру үдерісінде мультимедиалық әдістерді пайдалану (дамыту семинар)	Көшпелі ӘК
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	Рухани байлық білімде (танымдық сағаттар) «Бәрі де өзің үшін»	Әдістемелік кеңес отырысы
3	Диагностикалық жұмыстар	Оқушылардың даму траекториясын жүргізудің жолдары (үлгі-кеңес)	Дөңгелек үстел
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары	ҰБТ-тест, PISA тапсырмалары – оқушылардың функционалдық сауаттылығына бағытталған білім өлшемі (талдау)	Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Қоғамдық гуманитарлық бағыттағы білім беру процесінде қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру, қорғау (маг. мектеп)	Магниттік мектеп әкімшілігі жанындағы отырыс
6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары		Әдістемелік кеңес
7	Бақылау басқару жұмыстары	Білім сапасын зерттеу нәтижесі бойынша жіберілген кемшіліктер және түзету жолдары (пікір сайыс)	Әкімшілік жанындағы кеңес
№	Атқарылатын оқу-әдістемелік бөлімдері	Қараша	Қаралатын орны
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Мәтіндік аудиовизуальді және мультимедиалық оқу –әдістемелік материалдарды жинау және оларды өз бетінше меңгеруіне пайдалануына қажетті мәліметтер (перезентация)	Көшпелі әдістемелік кеңес
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	Қалыптастырушы бағалау оқушының білімін жетілдіруде сенім арттыру туралы (тәжірибелік семинар)	ӘК отырысы
3	Диагностикалық жұмыстар	Оқушылардың білім сапасына мониторинг жүргізу	Дөңгелек үстел
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары		Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Сабақты зерттеудің негізгі нысандарының бірі- рефлексия (Инновациялық әдістемелік кеңес) (маг.мектеп)	Магниттік мектеп әкімшілігі жанындағы отырыс
6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары	«Ұлттық сана – патриоттық тәрбие негізі» М.Шахановтың «Төрт ана» өлеңі бойынша магниттік мектептерден шығармашылық жоба жұмысын жасау.	Әдістемелік кеңес
7	Бақылау басқару жұмыстары	Олқылықтың орнын толтырудағы кеткен кемшіліктер бойынша жоспар құру.	Әкімшілік жанындағы кеңес

№	Атқарылатын оқу-әдістемелік бөлімдері	Желтоқсан	Қаралатын орны
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Электрондық оқу әдістемелік басылымдарын дайындау (ақпараттық анықтама)	Көшпелі әдістемелік кеңес
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	Бінтымақтастық және топтағы бірлескен жұмыс (Шебер сынып)	Әдістемелік кеңес отырысы
3	Диагностикалық жұмыстар	Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдерге «Озат тәжірибе мектебін құру» (теор.к сем.)	Дөңгелек үстел
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары		Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Оқушылардың ғылыми жоба жұмыстарына белсенділігін қалыптастырудағы жұмыстың рөлі (презентация). (маг.мектеп)	Магниттік мектеп әкімшілігі жанындағы отырыс
6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары	«Біз де бала болғанбыз» қоғам қайраткерлері, жазушы, ақындардың өміріне шолу	Әдістемелік кеңес
7	Бақылау басқару жұмыстары		Әкімшілік жанындағы кеңес

**Магниттік мектептерге арналған жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы
II жарты жылдық**

№	Атқарылатын оқу-әдістемелік бөлімдері	Қаңтар	Қаралатын орны
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Шығармашылық есеп жасаудың тиімділігі (шығармашылық көрме)	Әдістемелік бірлестіктер
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	Сыныптық жұмыстың талдауы (коучинг)	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста
3	Диагностикалық жұмыстар	I жартыжылдық бойынша білім сапасына, мұғалімдердің кәсіби өсуіне, оқушылардың даму деңгейіне мониторинг жүргізу	Мектеп әкімшілігі
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары	I жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстарға қортынды жасау.	Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Мұғалімдерге II жартыжылдықта жүргізілетін шығармашылық жоба жұмыстарының ережелерін таныстыру нұсқау беру	Әдістемелік кеңес отырысы
6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары	«Әрбір бала жауынгер болуы керек» жобасы бойынша ата-аналармен байланыста кітап оқушылар отырысын өткізу	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста

7	Бақылау, басқару жұмыстары	Алға, Еңбекші, орта мектептерінің 8-сынып бойынша алгебра, геометрия, пәндерінің оқытылуына зерделеу жүргізу.	Әдістемелік кеңес отырысы
№	Атқарылатын оқу – әдістемелік бөлімдері	Ақпан	Қаралатын орны
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Келешек тұлғасын тәрбиелеуде Руханият шамшырақтарынан даналық дәрістерінің маңызы (танымдық сағаттар) «Мен жастарға сенемін»	Әдістемелік бірлестіктер
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	Электронды партфолио жинау тәртібі	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста
3	Диagnostикалық жұмыстар	Білім беруге бағалау әдіс - тәсілдерінің тиімділігін анықтау	Мектеп әкімшілігі
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары	«Адам бойындағы білім, қабілет, тәжірибе, даналық қасиеттер, адамның кәсіби құндылығы» (дөңгелек үстел)	Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Ұлттық идеологияны насихаттаудағы балалар әдебиетінің рөлі (конференция)	Әдістемелік кеңес отырысы
6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары	Ізденпаз оқушылар мінбері	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста
7	Бақылау, басқару жұмыстары	Тірек мектебінде алгебра, геометрия, пәндеріне арналған сабақ үлгілерінен байқау жариялау	Әдістемелік кеңес отырысы
№	Атқарылатын оқу – әдістемелік бөлімдері	Наурыз	Қаралатын орны
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Мектепте жаратылстану – ғылыми білім беруді дамытуға ықпал ететін жаңа әдіс тәсілдер – тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастырушы құрал	Әдістемелік бірлестіктер
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	Магниттік мектептердің (ресурстық орталық) білім беру үрdesінде технологияларды тиімді қолданып жүрген мамандардың озық тәжірибесін анықтау	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста
3	Диagnostикалық жұмыстар	Мультимедиялық әдістерді пайдалану арқылы берілген сабақтың сапасын анықтау.	Мектеп әкімшілігі
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары	Курстан өту және курстан кейінгі курс жұмысының тиімділігін анықтау (дамыту семинары)	Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Тірек мектебі мұғалімдерінің озық тәжірибе жұмысымен таныстыру (шебер сынып)	Әдістемелік кеңес отырысы

6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары	«Ұрпақ. Құндылық.Әлем» жобасының бағдарламасымен таныстыру (танымдық сағаттар өткізу)	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста
7	Бақылау, басқару жұмыстары	Алгебра, геометрия, орыс тілі пәндерінің білім сапасының төмен болуына себеп салдарын анықтау,кешенді талдау жасау	Әдістемелік кеңес отырысы
№	Атқарылатын оқу –әдістемелік бөлімдері	Сәуір	Қаралатын орны
1	Теориялық әдіснамалық жұмыстар	Нәтижеге бағдарланған білім беруге көшу жағдайында білім салалары бойынша оқу пәндерінің мазмұнының интерграциялануы (дует сабақтар)	Әдістемелік бірлестіктер
2	Инновациялық қызметін белсенділігін арттыру	«Үздік педагогикалық – шығармашылық жоба» (презентация)	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста
3	Диагностикалық жұмыстар	Мұғалімдердің шығармашылық жұмыс деңгейі мен нәтижесіне змониторингтік зерттеу жүргізу	Мектеп әкімшілігі
4	Ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары	Оқу жылын аяқтауға арналған оқушылар мен мұғалімдер форумы тақырыбы «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе....»	Әдістемелік кеңес отырысы
5	Мұғалімдермен өткізілетін сессияаралық жұмыстары	Форумға дайындық жұмыстарымен танысу, талдау	Әдістемелік кеңес отырысы
6	Оқушылармен өткізілетін сессияаралық дамыту шаралары	Мұқағали оқулары байқауын өткізу (8-10 сыныптар)	Мектеп әкімшілігі жанында отырыста
7	Бақылау, басқару жұмыстары	Алгебра, геометрия, орыс тілі пәндерінің оқытылуын зерттеуге психолог мектеп әкімшілігінің тартылуын қамтамасыз ету	Әдістемелік кеңес отырысы
№	Атқарылатын оқу – әдістемелік бөлімдері	Мамыр	Қаралатын орны
7. «Шынның жүзі – Шераға 90жаста» - Еркебаева Р. Шаңырақбаева Ж. Жаппарова М. 10«А»,«Ә»,«Б» сынып оқушылары,
8. «Елім деп өткен – Ер Махамбет» - Омбаева Г, 9«Б» сынып оқушылары
9. «Жусан иісі» - Көкеева З., Таурбекова Г., Медеубаева А. – 8сынып оқушылары

«Қазақ даласының қайсар қызы – Мәншүк Мәметова!»

Негізгі мақсаты: Оқушыларға Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова туралы жан-жақты мәлімет бере отырып ерлікке, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер жазылған слайдтар, суреттер, шарлар

Қабылданған міндеттер:

1. Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова туралы жан-жақты мәлімет беру;
2. Оқушыларға Мәншүк Мәметова туралы өлеңдер оқытып, көріністер көрсетіп ерлікке, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

«Қазақ даласының қайсар қызы – Мәншүк Мәметова!» атты танымдық сағатқа директордың эксперимент ісі жөніндегі орынбасары Д. Джексенбаева, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Махатаова, тарих пәні мұғалімдері, мектеп мұғалімдері, 8-11-сынып оқушылары қатысты.

Танымдық сағат оқушыларға Мәншүк Мәметова туралы видеоролик көрсетуден басталды. Танымдық сағат барысында оқушылар Мәншүк Мәметова туралы өлеңдер оқыды. Мәншүк Мәметованың анасын сағынып жазған хаты туралы, майдан барысындағы көріністері көрсетілді. Сонымен қатар оқушылар майдан туралы ән айтып, сарбаздар биін биледі.



«Дәуірдің дара тұлға М. Әуезовке – 125 жыл»

Танымдық сағаттың негізгі мақсаты: Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу

Қабылданған міндеттер: Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, оқушыларды елін сүйуге, әдебиетті білуге, кітап оқуға деген құштарлықтарын арттыру.

«Дәуірдің дара тұлғасы М. Әуезовке – 125 жыл» атты танымдық сағатқа директордың эксперимент ісі жөніндегі орынбасары Д. Джексенбаева, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Махатаова, пәні мұғалімдері, 8-10-сынып оқушылары қатысты.

Танымдық сағат оқушыларға М. Әуезов туралы видеоролик көрсетуден басталды. Танымдық сағат барысында оқушылар М. Әуезовтың өмір жолы туралы мағлұматтар, естеліктер, өлеңдер оқылды. М. Әуезовтың «Еңлік – Кебек» поэмасынан үзінді көрініс көрсетілді. Сонымен қатар оқушылар М. Әуезовтың «Қорғансыздың күні» шығармасынан үзінді оқыды.



**«Қаз дауысты Қазбек бидің тұғанына -355 жыл»атты танымдық
сағатқа
Пресс-релиз**

Іс-шараның негізгі мақсаты:

Мақсаты: Оқушыларға қазақтың аса айбынды билерінің бірі- Қаз дауысты Қазыбек бидің тарихтағы орнын, шешендік сөздерін талдап; қаншама ғасыр өтсе де өскелең ұрпағына өшпес із қалдырған бабамыз жайлы әңгімелеу, олардың сөздік қорын, ой-өрісін дамыту, рухани байлығын, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Оқушылардың орта жүздің биі – Қазыбек бидің тарихтағы орнына, өміріне қызығушылығын арттыру, бидің даналығын, парасаттылығын таныта отырып, шығармашылыққа ұмтылдыру.

Қазбек бидің-355 жылдығына арналған танымдық сағатына Мұқағали Мақатаев атындағы тірек мектебінің (ресурстық орталық) 8 «Б» сынып оқушылары мен 8-10 сыныптары қатысты.

Танымдық сағат әдеби –монтаж түрінде жоспарланды:

I. Кіріспе бөлімінде-жергілікті ақын Аяз Бетпаевтың «Әруақты бабалар» термесімен басталып, жүргізушілер Қазбек бидің өмірімен, шешендік өнерін Қаз дауысты Қазбек би аталу тарихын көрініспен көрсетті.

II. Негізгі бөлімін оқушылар өздеріне таныс деректерді келтіре отырып, жүргізді.

Танымдық сағатқа қатысушылар өз ойлары мен пікірлерін заман ағымымен салыстыра келіп, тың деректерді алға тартты.

8 «Б» сынып оқушылары Қазбек бидің – Қаз дауысты Қазбек атануын, және де Төлебай батырмен кездескен кезіндегі айтқан өткір сөздерін - көріністерде тамаша көрсетіп орындады.

Мұқағали Мақатаев атындағы тірек орта мектебінің 8-10 сынып оқушылары арасынан – Тоқтасын Нұрхан, Ақберген Айзат , Мұсақұл Азамат өз ойларын өте жақсы айтып өтті.

Мектеп ұстаздары – тарих пәнінің мұғалімі-Асенова Қазына ,қазақ тілі пәнінің мұғалімі – Ахина Жұлдыз өткізілген танымдық сағаттың өз дәрежесінде өткенін, оқушылардың еңбегінің зор екенін бағалай келе, қосымша ақпарат, деректер келтірді.

Мектептің кітапханашысы А. Тоқтыбаева Қазбек бидің – 355 жылдығына жасалған кітап көрмесімен таныстырып, қазақтың ұлы билерінің өмірінен мәліметтер келтіріп , кітаптарға толығырақ тоқталды.

**Дулат Исабековтың 80 жас мерейтойына 8«В» сынып оқушыларының
дайындаған, жазушының «Әпке» драмасы**

Мақсаты:

- Шығарма мазмұнын игере отырып, туындыда көтерілген әлеуметтік мәселені ұғындыру;

- Драмадағы әр тұлғаның жеке адами көзқарасын туындату арқылы отбасы құндылығын түсінетін ой қалыптастыру;

- «Әпке» драмасының мағынасын түсіну, идеясын ашу, талдау, кейіпкерлер бейнесін ашу;

- «Әпке» драмасының мейірімділік, төзімділік, сыйластық, адамгершілікке жетелейтін қасиеттерін оқушылардың бойына сіңіре білу.

Танымдық сағатқа Мұқағали Мақатаев атындағы тірек орта мектебі (ресурстық орталығының) ұстаздары және оқушылар қатысты. Көрермен ретінде магниттік және шағын жинақталған мектептер: Ө.Молдағұлова орта мектебінің, М.Мәметова орта мектебінің, Ораз Жандосов орта мектебінің, Жайсан орта мектебінің, Ш.Мұртаза орта мектебінің, Алға орта мектебінің оқушылары мен мұғалімдері келіп тамашалады.

Танымдық сағатта «Еркін микрофон» әдісі қолданып залдағы оқушылар, ұстаздар белсенділік танытып сұрақтарға жауап берді.

Танымдық сағат өте әсерлі болды, жоғары дәрежеде өтті.



Ахмет Байтұрсыновтың 151 жылдығына орай «Қазақтың болашағы қазақ тілінде»

Іс-шараның негізгі мақсаты:

Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.

Акын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу

Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту

Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай "Қазақтың болашағы қазақ тілінде" атты танымдық тәрбие сағатына Мұқағали Мақатаев атындағы тірек орта мектебінің (ресурстық орталығының) 9 «А» сынып оқушылары қатысты.

Іс-шара барысында Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолын баяндайтын бейнефильм мен слайдтар көрсетілді. Танымдық тәрбие сағаты акынның «Қасқыр мен лақ» шығармасынан сахналық қойылыммен ашылды. Сондай-ақ,

ақынның өлеңдері мен ақынның өміріндегі маңызды кезеңдер айтылып, "Қазақ осы" әні орындалды. Қорытынды кезеңінде көрермендерге бірнеше сұрақтар қойылды.



«Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл»

Танымдық сағаттың негізгі мақсаты: Қазақ батыры, көшбасшысы, соңғы ханы Кенесары Қасымұлының ерліктері туралы мағлұмат бере отырып, оқушылардың бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту. Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу.

Оқушыларға Кенесары хан туралы өлеңдер, жырлар оқытып, көріністер көрсетіп ерлікке, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.

«Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл» атты танымдық сағатқа директордың эксперимент ісі жөніндегі орынбасары Д.Джексенбаева, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Махатова, тарих пәні мұғалімдері, мектеп мұғалімдері, 8-11 сынып оқушылары қатысты.

Танымдық сағат оқушыларға Кенесары ханның хаты туралы видеоролик көрсетуден басталды. Танымдық сағат барысында оқушылар Кенесары Қасымұлы туралы өлеңдер, жырлар оқыды. Кенесары мен Ақмолааумағының аға сұлтаны Қоңыркұлжа екеуінің шайқасы мен пікірталасы туралы, «Соңғы көш» атты Кенесары ханның түсі, орыс порручигі Керн мен Кенесарының әнгімесі, баласы Саржанды қанжыға жүгіріпқанжыға құлауына тапсырма бергені туралы көріністері көрсетілді. Сонымен қатар ұлдар «Мен Қазақпын» әнін орындады, танымдық сағаттың соңында «Көк тудың желбірегені» әні көрермендермен бірге шырқалды.



«Шындықтың шырағданы –Шераға»

Мұқағали Мақатаев тірек орта мектебінде сессия уақытында 10 «А», «Ә», «Б» сынып оқушыларының ұйымдастыруымен Шерхан Мұртаза 90 жыл «Шынның жүзі-Шераға» атты тақырыпта танымдық сағат болып өтті. Сабақтың мақсаты: көрнекті қайраткер, Қазақстан журналистерінің бір емес, бірнеше ұрпағын тәрбиелеген ғажайып қаламгер Шерхан Мұртазаның өмір жолы мен еңбек жолын жас ұрпаққа таныстыру, адамның өмір жолы ақ пен қарадан тұратынын, осы жолда жазушы шығармаларын оқу арқылы жақсылыққа бойлау, жаман деген кесепаттан бойын аулақ салып, адамдық жолына бойлай беру жас буынға насихатталды.

Оқушылар жазушының «Бір кем дүние» ойтолғауынан: «Ойлан, қазақ», «Намыс қайда», «Баукең солақай емес», «Құмырсқа ғұмыр», «Кітап қасиеті», «Жалғыз бала» уайымы, «Қымыз», «Мектеп қартаймайды», «Келіншек тау», «Имансыз болма». «Ай мен Айша» романынан: «Жолашар», «Сандуғаш сандық», «Ай шуақ күндер», «Қырғыз ата», «Интернат наны», «Айша о дүниелік балаларын уайымдайды», «Жілігімді жағайын».

«Шындықтың шырағданы –Шераға» атты видео слайд көрсетілді.

Шерағаның өмір жолы өнегеге толы. Жас ұрпаққа берері көп. Жас ұрпақ Шерағасын таниды, оқиды, өмір жолынан сабақ алады.



«Елім деп өткен Ер Махамбет»

Танымдық сағаттың негізгі мақсаты: ХІХ ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарының өлеңдері арқылы оқушыларға түсіндіре отырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салған ерекше қасиетін оқушы бойына дарыту;

Ерлікке, Отанды қастерлеуге шақыру;

Өршіл жырлары арқылы ерлікті ту еткен Махамбеттің ерлігін қастерлеуге баулу, елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу;

«Елім деп өткен Ер Махамбет» атты танымдық сағатқа директордың эксперимент ісі жөніндегі орынбасары Д. Джексенбаева, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Махатова, пәні мұғалімдері, мектеп мұғалімдері, 8-9 сынып оқушылары қатысты.

Танымдық сағат 9-сынып қыздарының орындауында «Ақсақ киік» биінен басталды. Осыдан кейін оқушыларға Махамбет пен Исатай көтерілісінің басталу себебін анықтайтын бейнебаян көрсетілді. Танымдық сағат барысында оқушылар Махамбеттің өлеңдерін оқыды. Махамбет пен Жәңгір ханның арадағы қарым қатынасы туралы көріністер, Махамбет пен Исатайдың ерлігі жайлы көріністер, М. Шахановтың «Нарынкұм зауалы» атты поэмасының желісімен «Әке үкімі» атты қойылым қойылды. «ЕрТұран» әуеніне ұлдар мен қыздардың би қойылымы көрсетілді. Соңында «Халық қасиеті» әні орындалды.

Күтілетін нәтижелер:

1. Ерлікке, Отанды қастерлеудің маңыздылығын түсінеді;
2. Ерлік, батырлық туралы өлеңдер тыңдап, көріністер көреді;
3. Ерлікті ту еткен Махамбеттің ерлігін қастерлеп, елінің адал азаматы болуға тәрбиеленеді.



«Өмір жырын шерте білген – Сайын»! (Сайын Мұратбеков. «Жусан иісі» (Повесть))

Танымдық сағаттың негізгі мақсаты:

Шығарманы жан — жақты талдай отырып Аян бейнесін ашу, оқушы санасына сіңіру.

Көрнекілігі: нақыл сөздер жазылған слайдтар, суреттер, шарлар

«Өмір жырын шерте білген – Сайын»! (Сайын Мұратбеков. «Жусан иісі» (Повесть)) атты танымдық сағатқа директордың эксперимент ісі жөніндегі орынбасары Д.Джексенбаева, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен пән мұғалімдері, 8-11-сынып оқушылары қатысты.

Танымдық сағат оқушыларға Сайын Мұратбеков туралы видеоролик көрсетуден басталды. Танымдық сағат барысында оқушылар шығарманың басты кейіпкері Аян туралы көріністерді тамашалады. Аяның соғыс даласындағы ағасына деген сағынышы және сағынып жазған хаты туралы. Аяның жалғыздықта ауылдағы өмірінен көріністері көрсетілді. Сарбаздар биін биледі.



Магниттік мектептерде өткен үйірме сабақтары

1. «Ұлттың дара тұлғасы» – Мырзалиева Н. Кайбағарова Н. – Еңбекші о.м
2. «Білім додасы» - Кайбағарова Н. – Алға орта мектебі
3. «Көңілді эстафета» – Айтишев Р. – Ш.Мұртаза атындағы о.м
4. «Өнер қылып бой түзе» – Боранбаева Ш. Қайыржанова Г. Абдукаимова Ф – Жайсан о.м
5. «Ізденпаз оқушылар мінбері» (шешендік сайыс) – Шуратбаева Қ, Кусайнова Б – Еңбекші орта мектебі
6. Д.Исабеков «Әпке романы» - Қазанбаева Г., Шайдахметова Г. - Алға орта мектебі
7. «Шынықсаң шымыр боласың» спорттық жарыс – Айтишев Р- Алға орта мектебі
8. «Инфобілгірлер» сыныптан тыс сабақ – Жақсыбай Таңшолпан – Еңбекші орта мектебі
9. «Бірлігіміз жарасқан» «1 мамыр - Қазақстан халықтар бірлігі» күні мерекесіне орай танымдық сабақ – Абдукаимова Ф, Қайыржанова Г – Ш.Мұртаза атындағы орта мектеп
10. «Сұлтан Бейбарыс – Ұлы дала елінің Бахадүрі» ғылыми жоба – Алға орта мектебі және Жайсан орта мектебі

Ұлтының дара тұлғасы – Д. Қонаевтың туғанына 110 жыл

Іс-шараның негізгі мақсаты:

- Ұлы тұлғаның өмірбаянын, халқына сіңірген еңбегін, ерлігін насихаттай отырып, оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

- отансүйгіштікке, елінің тарихын білуге тәрбиелеу, жан-жақты шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, ғылыми-негіздегі пәндерді игеруге қызығушылығын арттыру;

- шапшандыққа, ойын тиянақты жинақтауға дағдыландыру, бірін-бірі сыйлауға, тындауға үйрету;

- «Ұлтының дара тұлғасы» атты дөңгелек үстел өткізілді. Бұл іс-шараға 8-9 сынып оқушылары қатысты. Дөңгелек үстел барысы 5 кезеңнен тұрды:

1-кезең: «Д.Қонаевтың өмірбаяны»

2-кезең: «Еңбек жолы»

3-кезең: «Мұражайға саяхат»

4-кезең: «Тұлғаның қасиеттері»

5-кезең: «Тұлғаның нақыл сөздері»

Оқушылар елінің тарихын білуге деген қызығушылығы артты, жан-жақты шығармашылық қабілеттері жетілдіріп, ғылыми-негіздегі пәндерді игеруге қызығушылықтары артты. Дөңгелек үстел барысында өз білімдерін ортаға сала отырып өз ойын ашық жеткізуге, бірін-бірі сыйлауға, тыңдауға үйренді. Көрермендермен сұрақ-жауап ұйымдастырылды.

Сахна өз дәрежесінде безендіріліп, музыкамен әрленіп, суреттер, слайд, бейнероликтер жасалып оқушылардың қызығушылығын туғызып, көрермен қауымын баурап алды.

Дөңгелек үстел соңында Жексенбаева Баян Ниятуллақызы мен Абдикасимов Қанат ағайдың сөзімен қорытындыланды.



«Білім дода» интеллектуалды сайыс

М. Мақатаев атындағы тірек орта мектебінің (РО) үйірме жетекшісі Кайбагарова Нұрзада 2022жылдың 25 қарашасында Алға орта мектебінде 8-9 сынып оқушылары арасында креативті ойлайтын, интеллектісі жоғары, өзіне сенімді, топпен жұмыс істей отырып, өзара ынтымақтастықты орната алатын жастарды дамыту және оларды жетістікке жетелеу мақсатында "Білім додасы" атты зияткерлік сайыс өткізді. Сайыс Алға орта мектебінің АКТ залында өткізілді. Сайысқа 8-9 сынып оқушылары, мектеп ұстаздары келіп жанкүйер болды. Сайысқа оқушылар белсене қатысты. Сахна өз дәрежесінде безендіріліп, музыкамен әрленіп, сайыс кезеңдеріне суреттер, слайд, бейнероликтер жасалып, оқушылардың қызығушылығын туғызып, көрермен қауымын баурап алды. Көрермендермен сұрақ-жауап ұйымдастырылды. Нәтижесінде сайысқа қатысқан командалар мақтау қағазымен марапатталды. Сайыс соңында Джексенбаева Баян Ниятуллақызы, Шуратбаева Қарылғаш Шатырханқызы мен Алға орта мектебінің директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Диханбаева Балнұр Кенжебекқызының сөзімен қорытындыланды



«Көңілді эстафета»

Іс-шараның негізгі мақсаты:

Жалпы дене жаттығуларын өткізу және ағзаны қалпына келтіру жаттығуларының құрамын көрсету және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, спортқа деген қызығушылығын арттыру;

«Көңілді эстафета» атты спорттық сайысы өткізілді. Бұл іс-шараға 8-11 сынып оқушылары қатысты. Сайыс 5 кезеңнен тұрды:

1-кезең: «Қаппен секіру»

2-кезең: «Доппен секіру»

3-кезең: «Скакалка»

4-кезең: «Қасықпен су тасу»

5-кезең: «Білек сынасу»

Оқушылардың спорттық ойындарға деген қызығушылығы артты, жан-жақты шығармашылық қабілеттері жетілдіріп, дене жаттығуларын жасауға дағдыланды. Сайыс барысында топпен жұмыс істей отырып бірін-бірі сыйлауға, тыңдауға үйренді.

Спорт зал өз дәрежесінде безендіріліп, музыкамен әрленіп, сайыс кезеңдеріне арналған қауыпсыз, арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп оқушылардың қызығушылығын туғызып, көрермен қауымын баурап алды.

Нәтижесінде сайысқа қатысқан командалар мақтау қағазымен марапатталып, ынталандыру сыйлықтары берілді. Сайыс соңында Жексенбаева Баян Ниятуллақызы мен Ш.Мұртаза атындағы орта мектеп директор орынбасарының сөзімен қорытындыланды.

Ш. Мұртаза атындағы орта мектебінде өткізілген «Көңілді эстафета» атты спорттық сайыс іс-шарасынан үзінді



«Өнер қылып бой түзе»

Іс-шараның негізгі мақсаты:

Ұлттық сана – сезімі қалыптасқан, ұлттың мүдденің өркенднуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтар мен жалпы адамзаттың құндылықтарды өзара ұштастыра алатын тұлғаны тәрбиелеу.

Ұлттық дәстүрді дәріптеу, оқушының шығармашылық қабілетін артыру.

Оқу нәтижелері:

Оқушы іс- әрекетінде ұлттық салт дәстүрге деген сүйіспеншілігін артыру.

Оқушы бойындағы көшбасшылық қабілетін дамыту.

Әрбір оқушының тәрбиелік деңгейінің көтерілуі, жеке тұлға болып қалыптасуы артады.

Оқушының шығармашылық қабілеті ашылады.



«Ізденімпаз оқушылар мінбері»

Мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтары мен шапшаңдықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, өз ойларын еркін де шешен сөзбен дәлелдеуге үйрету.

15.12.2022 жылы М. Мақатаев атындағы тірек орта мектебінің ресурстық орталығы кезекті сабақ жоспары бойынша, Еңбекші орта мектебінде үйірме жетекшілері қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Қ.Шұратбаева мен Б. Құсаинова «Ақын – ұлттың жүрегі, шешен – көптің тірегі» атты интеллектуалдық сайыс сабағын өткізді. Асыл ойдың алтын қазығы болған шешен-билердің халық жадында сақталып келген дана ойлары келешек ұрпақ үшін әрқашан тәрбие-өнер мектебі болған. Халық тарихын байыппен саралап, бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздердің маңызы ерекше. Олай болса, сайыстың мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтары мен шапшаңдықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, өз ойларын еркін де шешен сөзбен дәлелдеуге үйретіп, топпен қарым-қатынас арқылы бір шешімге келе алуға, өз ойын ортаға салуға және ұйымшылдықты нығайтуға тәрбиелеу еді. Интеллектуалдық ойын 8 айналымнан құрастырылған. Оқушылар Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би болып үш топқа бөлінді. Әр топ өзінің шешен тілімен, ой ұшқырлығымен тіл байлығымен ерекшеленіп, топ басшылары өздерін таныстырды. Барлық кезеңде топ басшылары мен сайыскерлер белсенділік танытып, әділқазылар алқасының әділ шешімімен жеңімпаздарды марапаттады. Сайыс соңында М. Мақатаев атындағы тірек орта мектебінің (РО)

эксперимент ісі жөнінде орынбасары Б. Джексенбаева, Еңбекші мектебінің ұстаздары мен оқушыларына алғысы мен ризашылығын білдірді. «Бүгінгі жастар ілім – білім жинауға қашанда асығып, тәуелсіз еліміздің игілігі жолында білімдерін ел кәдесіне жаратып, болашақта озық ойлы, өрісі кең, өрелі азаматтары болуы қажет» – деп жылы лебізін жаудырды. Интеллектуалдық сайыс соңында әр топ басшылары мақтау қағаздарымен марапатталды.



2022-2023 оқу жылында үйірме жұмыстарының үйретері мол болды. Үйірме жетекшілері мектеп оқушыларын қашықтықтан Республикалық, халықаралық түрлі байқауларға қатыстырып, оқушылардың білімдерін шыңдады. Түрлі байқауларда белсенділік танытқан оқушылар диплом, алғыс хаттармен марапатталды. Айта кетсек, Халықаралық «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауына магниттік мектеп оқушысы Ойшы Тахмина қатысып ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Боранбаева Шолпан. «Күзгі балл» халықаралық шығармашылық байқауына магниттік мектеп оқушысы Қонысбай Қарақат қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Боранбаева Шолпан. Мектебіміздің оқушысы Ерғазы Диана Халықаралық «Тәуелсіз жаңа Қазақстан» шығармашылық байқауына қатысып І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Боранбаева Шолпан.

«Шебердің қолы алтын» аудандық көрме байқауынан Жақсылық Айару ІІ дәрежелі дипломмен, Әбдібай Ақерке «Менің қиял әлемім» атты ІІші Халықаралық суреттер, қол өнерлер, ашықхаттар байқауынан І дәрежелі дипломмен, Қуаныш Мәдина «Менің қиял әлемім» атты І Халықаралық суреттер, қол өнерлер, ашықхаттар байқауы, І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Қайыржанова Гулмира

Мектебіміздің 8-сынып оқушысы Есенқұлова Асылайым «Экологиялық пирамида» байқауына қатысып Шу аудандық кезеңнен І дәрежелі дипломмен, облыстық кезеңнен ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Кайбағарова Нұрзада.

Мектебіміздің оқушылары Нұрмаханбет Ержан мен Батырхан Өмірхан Шу аудандық волейболдан жарыстан І дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: үйірме жетекшісі Айтишев Руслан.

Мектебіміздің оқушылары Несіпбай Шапағат «Нұрлы көктем» атты аудандық жас суретшілер байқауына белесене қатысып І орынмен және Алғыс хатпен марапатталды. Несіпбай Ақбаян «Шебердің қолы алтын» аудандық көрме байқауына қатысып «Бас жүлде» дипломымен марапатталды.

Қорыта айтқанда, сыныптан тыс үйірмелердің оқушы іс-әрекеті мен танымдық қызметінің дамуына қосқан үлесі зор.

Форум өткізу бойынша ұсыным

«Ұлы дала иесі – жалынды жастар» тақырыбында арналған жас мұғалімдер мен оқушылар форумының ережесі

Мақсаты: Тірек және магниттік мектеп мұғалімдері мен оқушыларының бірлескен шығармашылық іс-әрекетіне қолдау көрсету

Міндеттері:

Сессияда, сессиядан тыс уақытта мұғалімдер мен оқушылар, жауапты жетекшілер арасындағы тәжірибелік байланыстардың орнауын,

Сессия кезінде оқушылардың логикалық ой-өрісін, мәдени сезім-санасын дамытатын шаралар туралы,

Оқушылардың соңғы оқу-әдістемелік, ақпараттық-техникалық құралдары және жаңа технологияларды пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

Ресурстық орталық магниттік мектептер арасындағы шығармашылық байланыстар, тәжірибелер нәтижесі көрінеді,

Оқушылардың жұртшылық алдында сөйлеу мәдениеті дамиды,

Ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана, қолдана алу, топтық жоба жасау деңгейлері артады,

Магниттік мектеп пен тірек мектебі оқушылары арасында ынтымақтастық орнап, ұлттық сана-сезім, өз Отаны, өлкесі, өңірі, ауылы туралы біртұтас ұғым қалыптасып, патриоттық, ұлтжандылық сезімі күшейеді.

Форум бағдарламасы

Кіріспе: тірек мектебінде сессия кездерінде «Ұлы даланың жеті қыры» бойынша өткізілген іс-шаралар күнделігінен репортаж;

I-кезең

«Ұлы дала иесі –жалынды жастар» топтардың шығуы, презентациясы (Әр топқа 5 минуттан беріледі, топ құрамында 3 мұғалім, 3 оқушы болуы керек, барлығы 30-минут)

II-кезең

Топтардың шығармашылық жоба қорғауы

Жас ұстаздар

«Ақылға ерген ер азбайды, басшыға ерген ел азбайды» - Алға орта мектебі

«Сөз қадірің-өз қадірің» - Ә.Молдағұлова орта мектебі

«Шығыстан шыққан ұлы ұстаз» - Т.Рысқұлов орта мектебі

«Жақсыны көру үшін өзің жақсы бол» - Жайсан орта мектебі

«Бастағы білім – жүректегі білім»- Еңбекші орта мектебі

«Жас жүрек жайып саусағын,

Ұмтылған шығар айға алыс...» - М.Мақатаев орта мектебі

Оқушылар үшін:

«Түнде жылқы қайырып, жігіт болар ма екенсің?!» - Алға орта мектебі
«Жас уақытта өмір гүл...» Ә.Молдағұлова орта мектебі
«Бармақтары майысып ұста болар ма екенсің?»- Т.Рысқұлов орта мектебі
«Жүректе қайрат болмаса...» Жайсан орта мектебі
«Ұлы дала аманат Маған, Саған, Оған да!» - Еңбекші орта мектебі
«Қайдасың нұрлы арман!?» - М.Мақатаев

(Шығармашылық жоба әдеби-музыкалық монтаж, композиция түрінде болсын, жас мұғалімдер топтарына 8 минуттан, оқушылар тобына 6-минуттан беріледі барлығы 90-минут)

III-кезең

1. Іс-шараны қорыту, марапаттаулар
2. Флешмоб «Астана – ел бесігі»

Әссе «Ұлы даланың иесі – жалынды жастар» атты жас мұғалімдер мен оқушылар форумынан кейінгі алған әсерді төмендегі тақырыптар бойынша әссе түрінде жазу

Шығармашылық жобадан менің түсінгенім.....

Шығармашылық жоба және мен.

Жас мамандар мен оқушылар форумының менің өмірімдегі алатын орны

Әр әссенің соңында **«Білгенім, Білетінім, Білгім келетіні»** туралы және форумнан кейінгі ұсыныстарыңызды жазыңыздар.

«Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі» байқауының ЕРЕЖЕСІ

Магниттік мектептер арасындағы «Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі» байқауы өткізіледі.

Байқаудың мақсаты:

Магниттік мектептердегі заманауи, жаңашыл мұғалімдерді анықтау кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне жағдай жасау

2. Байқауы өткізудің кезеңдері:

I кезең. Магнитті мектептерде 2019 жылдың сәуір айының 14-25 жұлдызы аралығында жіберілуі керек

II кезең. Мектептерде жоғары бағаланған бір ғана мұғалім жайлы мағлұмат Мұқағали Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебіне (РО) жеткізілді, басқа сәуір айының 25 жұлдызында беріледі, сарапталып, магниттік мектептердің тірек мектебімен бірлескен жылдық жұмысын қорытындылауға арналған мұғалімдер мен оқушылар форумында қорытындысы шығарылып марапатталады.

3. Ең үздік магниттік мектеп мұғалімін анықтау шарттары:

1. Мұғалім туралы мәлімет (Портфолиосы).
2. Проблемалық тәртібі бойынша жасалған жоспары
3. «УӘЖ» технологиясымен жасалған бір сабағы және жаңартылған білім мазмұны бойынша жасаған бір сабағының толық үлгісі Қолданбалы, таңдау курсына «УӘЖ»-бен жасаған бір сабағы.

Жасаған педагогикалық идеяға арналған шығармашылық жобасының үлгісі

Эссе жазу: Тақырып:

«Сөз қадірі – өз қадірі»

2. «Ақылға ерген ер азбайды, басшыға ерген ер азбайды»

3. «Шығыстан шыққан ұлы ұстаз»

4. «Мен – қазіргі заман педагогы»

5. «Жақсыны көру үшін, өзін жақсы бол!» (берілген тақырыптардың біреуін таңдаңыз)

6. Мұғалімнің даму мониторингі (хронологиялық кесте)

7. Сабақ беретін сыныптардың білім сапасы

8. Даму деңгейі бойынша буклет және слайд

«Ең үздік сынып» байқауының ЕРЕЖЕСІ

Магнитті мектептер арасындағы «Ең үздік сынып» байқауы 8-11 сыныптар арасында өткізіледі.

Магниттік мектептерде оқитын сынып оқушыларының сессия және сессияаралық кезеңдерге белсене қатысумен білім мен тәрбие алудағы күзиреттілігін анықтау.

2. Байқауды өткізудің кезеңдері:

I кезең. Магнитті мектептерде 2019 жылдың сәуір айының 3-13 жұлдызы аралығында өткізіледі;

II кезең. Мектептерде жоғары бағаланған бір ғана сынып жайлы мағлұмат Мұқағали Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебіне (РО) жеткізіледі, байқау сәуір айының 20 жұлдызында өткізіледі, сарапталып, магниттік мектептердің тірек мектебімен бірлескен жылдық жұмысын қорытындылауға арналған мұғалімдер мен оқушылар форумында қорытындысы шығарылып марапатталады.

3. Үздік сыныптарды анықтау шарттары:

1. Сынып оқушыларының сырт көрінісі (тазалығы, формасы)

2. Тәртібі, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениеті, ішкі тәртіптерді сақтауы

3. Қоғамдық тапсырмаларды орындауы

4. Нәтижелі жұмыстары (сыныбының, мектебінің намысын қорғауы)

5. Сыныптың білім сапасы

6. Интеллектуалдық ойындарға қатысу сапасы

7. Сыныптардың сессияаралық кезеңдегі іс-әрекеттері бойынша фото альбом, аннотациясымен

8. Бір іс-шараның бейне-ролигі

Ескерту: 5 баллдық жүйемен жүргізіліп, бағалау шарттары бойынша мониторингі жасалуы керек.

4. Тапсырылатын құжаттар:

Мектеп директорының «Ең үздік сынып» байқауының өткізу туралы бұйрығы;

Хаттама (байқаудың өтуі туралы)

Озып шыққан сыныптың көрсеткіштер тізімі

«Магниттік мектеп көшбасшысы» байқауының ЕРЕЖЕСІ

Магнитті мектептер арасындағы «Магниттік мектеп көшбасшысы» байқауы 8-11 сынып оқушылары арасында өткізіледі.

Байқаудың мақсаты:

Магниттік мектептерде оқитын сынып оқушыларының сессия және сессияаралық кезеңдерге белсене қатысуы мен білім мен тәрбие алудағы күзіреттілігін анықтау.

2. Байқауды өткізудің кезеңдері:

I кезең. Магнитті мектептерде 2019 жылдың сәуір айының 3-13 жұлдызы аралығында өткізіледі;

II кезең. Мектептерде жоғары бағаланған бір ғана оқушы жайлы мағлұмат Мұқағали Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебіне (РО) жеткізіледі, байқау сәуір айының 20 жұлдызында өткізіледі, сарапталып, магниттік мектептердің тірек мектебімен бірлескен жылдық жұмысын қорытындылаға арналған мұғалімдер мен оқушылар форумында қорытындысы шығарылып марапатталады.

3. Көшбасшысы анықтау шарттары:

1. Оқушының сырт көрінісі (тазалығы, формасы)
2. Тәртібі, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениеті, ішкі тәртіптерді сақтауы
3. Қоғамдық тапсырмаларды орындауы
4. Нәтижелі жұмыстары (сыныбының, мектебінің намысын қорғауы)
5. Оқушыны білім сапасы
6. Интеллектуалдық ойындарға қатысу сапасы
7. Оқушының сессияаралық кезеңдегі іс-әрекеттері бойынша фото альбом, аннотациясымен
8. Әр түрлі іс-шараларға қатысудағы ерекшелену шеберлігі бойынша бейнеролигі

Ескерту: 5баллдық жүйемен жүргізіліп, бағалау шарттары бойынша мониторингі жасалуы керек.

4. Тапсырылатын құжаттар:

Мектеп директорының «Магниттік мектеп көшбасшысы» байқауының өткізу туралы бұйрығы;

Хаттама (байқаудың өтуі туралы)

Озып шыққан оқушының көрсеткіштер тізімі

Ескерту: Барлық байқауларға оқу жылының басынан бастап сәуір айына дейінгі істелген жұмыстар мен оның сапасы қамтылуы керек.

4. Тапсырылатын құжаттар:

Мектеп директорының «Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі» байқауының өткізуі туралы бұйрығы;

Хаттама (байқаудың өтуі туралы)

ЕСКЕРТУ:

Барлық байқауларға («Ең үздік оқу кабинеті», «Ең үздік сынып», «магниттік мектеп көшбасшысы», «Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі», «Ең үздік магниттік мектеп») оқу жылының басынан бастап сәуір айына дейінгі істелген жұмыстар мен оның сапасы қамтылуы керек.

«Ең үздік оқу кабинеті» байқауының

ЕРЕЖЕСІ

Магнитті мектептер арасындағы информатика, физика, шетел тілдері, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс, химия, биология, география кабинеттерінің техникалық оқу құралдарымен жабдықталған ең үздік пән кабинеттерін анықтау мақсатында кабинеттер байқауын өткізу туралы.

Байқаудың міндеті мен мақсаты:

Қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, шетел тілдері, тарих, математика, информатика, физика, химия, биология, география пәндері бойынша ең үздік пән кабинеттерін анықтап, аудан, қала мектептерінің пән кабинеттеріндегі оқу-тәрбие процесінде техникалық құралдарды сабақта кеңінен пайдалануына жағдай жасау. Пән бағдарламасына сай жабдықталған пән кабинеттерінің тәжірибелерін насихаттау және тарату.

2. Байқауды өткізудің кезеңдері:

I кезең. Магнитті мектептерде 2019 жылдың сәуір айының 3-13 жұлдызы аралығында өткізіледі;

II кезең. Мектептерде жоғары бағаланған бір ғана кабинет жайлы мағлұмат Мұқағали Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебіне (РО) жеткізіледі, байқау сәуір айының 20 жұлдызында өткізіледі, сарапталып, магниттік мектептердің тірек мектебімен бірлескен жылдық жұмысын қорытындылауға арналған мұғалімдер мен оқушылар форумында қорытындысы шығарылып марапатталады.

III кезең. Облыстық байқау

3. Байқауға қойылатын шарттар:

Байқауға қазақ, орыс, өзбек тілі мен әдебиеті, шет тілдері, тарих, математика, информатика, физика, химия, биология, география пәндерінің кабинеті қатыса алады;

Математика, информатика кабинеті стандартқа сай техникалық құралдармен (графопроектор, компьютер, теледидар, бейнетаспа, мультимедиялық проектор) жабдықталған, пән бағдарламасына сай оқу-көрнекі құралдары, кабинет төлқұжаты, техникалық қауіпсіздік ережесі, журналы мен электр жүйесімен басқару орны білуі тиіс;

Шетел тілдері бойынша пән кабинетінің жабдықталуына: эстетикалық талаптарына сай безендірілген көрнекіліктер, техникалық құралдар, кабинет төлқұжаты, бағдарлама тақырыптары бойынша жинақталған сызбалар, кестелер, тақырыптық суреттер, оқушылардың өзіндік жұмысына арналған сөздіктер т.б. кабинетінің кітапханасы болуы керек; (лингфон кабинеті болуы міндетті емес)

Қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті бойынша оқу көрнекі құралдары: дидактикалық материалдар, анықтамалықтар, көркем әдебиеттер, кабинет кітапханасы, кабинет жоспары, ережесі, төлқұжаты, эстетикалық безендірілген және тілдерді дамыту мақсатында атқаралып жатқан жұмыстар жайлы стендтері;

Тарих кабинеті бойынша эстетикалық безендірілген, мемлекеттік рәміздерді бейнелетін және Қазақстанның қазіргі кезеңдегі саясатын көрсетіп, кабинеттің төлқұжаты, оқытудың техникалық құралдары, кабинеттің шағын кітапханасы, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне арналған материалдар;

Жаратылыстану (физика, химия, биология, география) эстетикалық безендірілген, техникалық құралдармен (графопроектор, компьютер, теледидар, бейнетаспа, мультимедиялық проектор) жабдықталған, пән бағдарламасына сай оқу-көрнекі құралдары, кабинет төлқұжаты, техникалық қауіпсіздік ережесі, журналы және электр жүйесімен басқару орны, лабораториялық құрал-жабдықтар болуы тиіс.

4. Тапсырылатын құжаттар:

Мектеп директорының «Ең үздік оқу кабинеті» өткізу туралы бұйрығы;

Хаттама (байқаудың өтуі туралы)

Кабинет туралы альбом (5-7 түрлі-түсті фото сурет);

Мұғалімнің 45-минутта техникалық құралдарды пайдалана отырып, сабақ өтуі (бейне таспа);

Кабинеттегі көрнекі құралдар тізімі, әдістемелік құралдар туралы мәлімет;

Тірек мектебінде өтетін «Ең үздік оқу кабинеті» байқауына сұраныс.

«Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі» байқауының ЕРЕЖЕСІ

Магнитті мектептер арасындағы «Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі» байқауы өткізіледі.

Байқаудың мақсаты:

Магниттік мектептердегі заманауи, жаңашыл мұғалімдерді анықтау кәсіби шеберліктерін жетілдіруіне жағдай жасау

2. Байқауды өткізудің кезеңдері:

I кезең. Магнитті мектептерде 2019 жылдың сәуір айының 14-25 жұлдызы аралығында жіберілуі керек

II кезең. Мектептерде жоғары бағаланған бір ғана мұғалім жайлы мағлұмат Мұқағали Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебіне (РО) жеткізіледі, байқау сәуір айының 25 жұлдызында беріледі, сарапталып, магниттік мектептердің тірек мектебімен бірлескен жылдық жұмысын

қорытындылауға арналған мұғалімдер мен оқушылар форумында қорытындысы шығарылып марапатталады.

3. Ең үздік магниттік мектеп мұғалімін анықтау шарттары:

1. Мұғалім туралы мәлімет (Портфолиосы)

2. Проблемалық тәртібі бойынша жасаған жоспары

3. «УӘЖ» технологиясымен жасалған бір сабағы және жаңартылған білім мазмұны бойынша жасаған бір сабағының толық үлгісі.

Қолданбалы, таңдау курсына «УӘЖ»-бен жасаған бір сабағы

Жасаған педагогикалық идеяға арналған шығармашылық жобасының үлгісі

Эссе жазу: Тақырып:

1. «Сөз қадірі-өз қадірі»

2. «Ақылға ерген ез азбайды, басшыға ерген ер азбайды»

3. «Шығыстан шыққан ұлы ұстаз»

4. «Мен-қазіргі заман педагогы»

5. «Жақсыны көру үшін, өзің жақсы бол!» (берілген тақырыптардың біреуін таңдаңыз)

6. Мұғалімнің даму мониторингі (хронологиялық кесте)

7. Сабақ беретін сыныптардың білім сапасы

8. Даму деңгейі бойынша буклет және слайд

Ескерту: Барлық байқауларға оқу жылының басынан бастап сәуір айына дейінгі істелген жұмыстар мен оның сапасы қамтылуы керек.

4. Тапсырылатын құжаттар:

Мектеп директорының «Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі» байқауының өткізуі туралы бұйрығы;

Хаттама (байқаудың өтуі туралы)

ЕСКЕРТУ: Барлық байқауларға («Ең үздік оқу кабинеті», «Ең үздік сынып», «Магниттік мектеп көшбасшысы», «Ең үздік магниттік мектеп мұғалімі», «Ең үздік магниттік мектеп») оқу жылының басынан бастап сәуір айына дейінгі істелген жұмыстар мен оның сапасы қамтылуы керек.

Форум бағдарламасы

Кіріспе: Тірек мектебінде сессия кездерінде «Ұлы даланың жеті қыры бойынша өткізілген іс-шаралар күнделігінен бейне-репортаж;

«Ұлы дала иесі – жалынды жастар!» тақырыбына арналған жас мұғалімдер мен оқушылар форумының жүргізілу БАҒДАРЛАМАСЫ

I. Ұйымдастыру бөлімі			
	Орындалатын жұмыс мазмұны	Уақыты	Өтетін орны
	Форумға келген қонақтарды тіркеу	8 ⁰⁰ – 9 ⁰⁰	Кіреберіс зал
	Әр мектептің көрмесімен танысу	9 ⁰⁰ – 9 ³⁰	Мектеп фоесі

	Форумның ашылуы: «Нұр-Сұлтан – ел бесігі» тақырыбында 8-11 сыныптармен флешмоб	9 ³⁰ – 9 ⁵⁰	Мектептің алды
II. Салтанатты бөлім			
	Форумның салтанатты бөлімінің басталуы	9 ⁵⁵ – 10 ⁰⁵	Акт залы
	Форум делегацияларының презентациялары	10 ⁰⁵ – 10 ³⁰	Акт залы
III. Тәжірибелік бөлім			
	Шығармашылық жобаларды қорғау	9 ⁰⁰ – 12 ¹⁰	Акт залы
IV. Қорытынды бөлім			
	1. Іс-шараны қорыту, құттықтау сөздер 2. Марапаттаулар	12 ¹⁰ – 12 ⁵⁰	Акт залы

«Ұлы даланың иесі – жалынды жастар» тақырыбында арналған форум делегацияларының презентацияларының реті

1. Алға орта мектебі
2. Ә.Молдағұлова орта мектебі
3. Еңбекші орта мектебі
4. Жайсан орта мектебі
5. Т.Рысқұлов орта мектебі
6. М.Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебі

Менің өмірім, байлығым тілімде,
Өйткені әр адам жеткізер өз ойына ана тілінде
Сүю үшін туған жер, Отанды,
Сезім болу керек менде де, сенде де!

I. Ұйымдастыру бөлімі			
	Орындалатын жұмыс мазмұны	Уақыты	Өтетін орны
	Форумға келген қонақтарды тіркеу	8:00-9:00	Кіреберіс зал
	Әр мектептің көрмесімен танысу	9:00-9:30	Мектеп фоесі
	Форумының ашылуы: «Нұр-Сұлтан-ел бесігі» тақырыбында 8-11 сыныптармен флешмоб	9:30-9:50	Мектептің алды
II. Салтанатты бөлім			
	Форумының салтанатты бөлімінің басталуы	9:55-10:05	Акт залы

	Форум делегацияларының презентациялары	10:05-10:30	Акт залы
III. Тәжірибелік бөлім			
	Шығармашылық жобаларды қорғау	9:00-12:10	Акт залы
IV. Қорытынды бөлім			
	Іс-шараны қорыту, құттықтау сөздер Марапаттаулар	12:10-12:50	Акт залы

«Ұлы даланың иесі – жалынды жастар» атты жас мұғалімдер мен оқушылар форумының сценарийі

1-жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті форум қонақтары, қадірменді қауым, оқушылар!

«Ұлы даланың иесі – жалынды жастар!» атты жас мұғалімдер мен оқушылар форумына қош келдіңіздер!

**Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты -
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!**

деп жырлаған ақын Мағжан Жұмабаевтың өршіл рухты өлеңімен форумның алғы сөзі М.Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебі ресурстық орталығының директоры Алтын Мадимарқызы Сихимоваға беріледі.

(Алғы сөзден соң «**Жаса қазақ**» әні орындалады.)

2-жүргізуші: Форум бағдарламасымен таныс болыңыздар: (слайдтан бағдарлама көрсетіледі) «Ұлы даланың иесі – жалынды жастар» тақырыбына арналған форум делегацияларының презентацияларының реті:

1. Алға орта мектебі
2. Ә.Молдағұлова орта мектебі
3. Еңбекші орта мектебі
4. Жайсан орта мектебі
5. Т.Рысқұлов орта мектебі
6. М.Мақатаев атындағы шағын орталықты тірек орта мектебі

1-Жүргізуші: Салтанатты бөлім аяқталды, ендігі кезекті форумның тәжірибелік бөліміне берейік. Бұл бөлімде оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық жобалары қорғалады.

Менің өмірім, байлығым тілімде,
Өйткені әр адам жеткізер өз ойын ана тілінде
Сүю үшін туған жер, Отанды,
Сезім болу керек менде де, сенде де!

(Әр мектептің бірінші мұғалімдері, содан соң оқушылары қорғайды бір мезгілде).

2-Жүргізуші: Қадірменді қауым! Форумның ең негізгі бөлімі аяқталды.

Шығармашылық жобаларды мұқият тыңдап, ой түйген шығарсыздар деп ойлаймыз. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев: «Еліңнің ұлы болсаң, азаматтық намысың болса, жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа» деген еді. Олай болса, бүгінгі шығармашылық жобалар жас мұғалімдеріміз бен келешек жастарымыздың арман-мақсаттарын, ой-өрісін көрсетуіне негіз болады деп ойлаймыз.

Құя берсін күн нұрын кең далама,

Кен мен дәнді сыйлаған елге жаңа.

Алатаудай қашанда биік болып,

Қазақстан көрінсін шартарапқа! - деп ендігі сөзді форум қонақтарына берейік, жастарға қандай тілектеріңіз, алғыстарыңыз бар? Ортаға салып, қолдап жіберіңіздер!

Құттықтау сөздер:

1. А.Сихимова

2. А.Баєтова

3. Ш.Смағұлова

4. Б. Омарова. Рысқұлов орта мектебі

5. С.Үмбетова. Жайсан орта мектебі

6. Тақтабаева. Қатипа Алға орта мектебі

7. Хақимова Алтынқыз. Тұрар Рысқұлов орта мектебі

Форумға арналған қорытынды сөз директордың ресурстық орталық жөніндегі орынбасары Баян Ниятуллақызы Джексенбаеваға беріледі.

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Арттағыға сөзің мен ісің қалса,

Өлсеңде өлмегенмен боласың тең – деп Абай ағамыз айтқандай, бүкіл істің басы қасында болып, жанам деген жүрекке жалын беріп жүрген мектебіміздің шығармашылық топ жетекшісі, әдіскер мұғалім Шәмшат Байбосынқызы Смағұловаға беріледі.

Пайда ойлама, ар ойла

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге. – деп Абай ағамыз айтқандай, 2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша үздік жұмыстарды марапаттауға кезек берейік! Бүгінгі форумның марапат қағазын мектебіміздің директоры Сихимова Алтын Мадиямарқызы мен магниттік мектеп басшыларында табыстайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Тірек мектептердің (ресурстық орталықтар) қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарында» республикадағы тірек мектептерінің жағдайын зерделеп, алдағы уақытта қай бағытта жұмыстар жүргізуге болатындығына нақты ұсынымдар беріледі.

Ұсынымдама екі негізгі тараудан тұрады. Бірінші тарауы «Қазақстан Республикасындағы тірек мектептердің (ресурстық орталықтар) ағымдағы жағдайы» және екінші тарауы «Тірек мектептердің (ресурстық орталықтардың) қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» деп берілген.

Жұмыстың «Қазақстан Республикасындағы тірек мектептердің (ресурстық орталықтар) ағымдағы жағдайы» атты бірінші тарауында Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, және Шығыс Қазақстан облыстарындағы тірек мектептерінің жағдайын саралауда өңірдегі тірек мектептер бойынша мәліметтер (оқыту тілі, білім алушы саны тірек мектебінің қалалық немесе ауылдық жерде орналасуы, магнитті мектептер бойынша мәліметте (білім алушы саны мен тірек мектебінен арақашықта орналасуы) берілген. Тірек мектептерінің жағдайында мектеп ғимараттары, салынған жылы, қасында интернатының болуы мен сессия кезінде тасымалдаудың ұйымдастырылуы бойынша саралау жұмыстары жазылған. Тірек мектептердің жобалық қуаты мен білім алушылары бойынша мәліметте тірек мектептерде білім алатын білім алушы саны, мектептің жобалық қуаты мен білім алушы орнының жетіспеушілігі мен артық болуы туралы айтылған. Тірек мектептерде сессия жұмыстарын ұйымдастыруда сессия жұмыстарының ұйымдастырылуы мен сессия кезеңдері, сессияға қатысатын сыныптар мен сессияға тасымалданатын білім алушылар бойынша мәліметтер берілген. Сессияға тасымалданған кезде жергілікті жердегі интернат мәселесін қарастыруда мектеп жанында интернаттың болуы, оның жобалық қуаты мен білім алушы орналасуы мен сессияда тасымалданатын білім алушылар бойынша мәліметтер берілген. Сол секілді тірек мектептерде сессиялық жұмыстарды ұйымдастыруда көлік мәселесінің қарастырылуы, оған жұмсалатын жанар-жағармай, көліктің шығарылған жылы, маркасы мен көліктегі орындық саны берілген. Сол секілді тірек және магнитті мектептердегі педагогтердің сапалық құрамы (педагогтер саны, педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор, педагог және кадр жетіспеу мәселелері қарастырылады); магнитті мектептердегі білім алушы саны бойынша мәлімет (білім алушы саны, бастауыш білім беру деңгейі, негізгі орта білім беру деңгейі мен жалпы орта білім беру деңгейі білім алушылар саны); магнитті мектептердің білім сапасы бойынша мәлімет (мектептің білім сапасы мен бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінің білім сапалары) және магнитті мектептерден сессияға тасымалданатын білім алушылар бойынша мәліметтер берілген.

Ұсынымдаманың «Тірек мектептердің (ресурстық орталықтардың) қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» атты екінші

тарауында ауыл мектептерін дамыту жағдайындағы негізгі бағыттар; қоғамдық дамудың әлемдік тенденциялары; тірек мектептердегі білім беру құндылықтарының миссиясы; білім беру саясатының мақсаты мен міндеттері, құралдары мен нәтижесі; тірек мектебі арқылы білім беру процесінде білім алушылардың бойында қалыптасатын дағдылар; жалпы білім беретін мектептің білім мазмұны адамзаттың педагогикалық бейімделген әлеуметтік озық тәжірибелері; даму жағдайында білім беру аспектілері; шағын жинақты мектеп проблемаларын шешуді маңыздылығы; оқыту мен білім берудің интернаттық формасы; тірек мектептердің (ресурстық орталықтар) өзіндік ерекшеліктері; тірек мектептерде сессиялық және сессияаралық жұмыстарды ұйымдастыру; «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешенінің моделі мен одан күтілетін нәтижелер; тірек мектептер арқылы онлайн (қашықтан) оқытуды жүзеге асыру; тірек мектептердің әлеуетін арттыру; тірек мектептерді мамандандырылған мектептерге тәлімгерлікке беру; ауыл мектептерін сақтаудың маңызы; біліктілікті арттыру және қолдау бойынша ұсыныстар берілген. Сондай-ақ, шағын жинақты ауыл мектептерінде комьюнити орталықтарын құру бойынша да ұсыныстар берілген.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығы
3. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы
4. Интернет материалдары
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 375 бұйрығы